$\bar{Z}_m$ алфавитінен алынған n әріптері бар мәтінді n-грамма сияқты қарастыруға болады:

$$\bar{\bar{x}} = (x_0, x_1, x_2, \ldots, x_{n-1}),$$

мұнда $x_i \in \bar{Z}_m$, $0 \le i < n$, кейбір бүтін n=1, 2, 3, … .

$\bar{Z}_{m,n}$ арқылы $\bar{Z}_m$ жиынының әріптерінен құралған n-грамм жиынын белгілейміз.

E криптографикалық түрлендіруі

$$E = \{E^{(n)} : 1 \le n < \infty\},$$

$$E^{(n)} : \bar{Z}_{m,n} \to \bar{Z}_{m,n}$$

түрлендірулердің жиынтығын көрсетеді.

$E^{(n)}$ түрлендіруі қалай $\bar{\bar{x}} \in \bar{Z}_m$ ашық мәтіннің әрбір n-граммасына $\bar{\bar{y}}$ шифрмәтіннің n-граммасына алмастырылатынын анықтайды, яғни

$$\bar{\bar{y}} = E^{(n)}(\bar{\bar{x}}), \text{ және } \bar{\bar{x}}, \bar{\bar{y}} \in \bar{Z}_{m,n};$$

бұл кезде міндетті түрде бірмәндік $E^{(n)}$ түрлендіруінің $\bar{Z}_{m,n}$ жиынына бірдей талабы болып табылады.

Криптографиялық жүйе кілт деп аталатын К параметрімен белгіленген $\bar{\mathbf{E}} = \{E_k : K \in \bar{\bar{\mathbf{K}}}\}$ криптографиялық түрлендірудің жиыны сияқты түсіндірілуі мүмкін.

Кілттің мәнінің жиыны $\bar{\bar{\mathbf{K}}}$ кілттік кеңістігін құрайды.

3.2 Орын ауыстыру шифрлары

Шифрланатын мәтіннің символдарын орын ауыстырумен шифрлаған кезде бұл мәтіннің блогының шегінде анықталған ереже бойынша орындары ауыстырылады. Орын ауыстыру шифрлары ең қарапайым, сондай-ақ ең ежелгі шифрлар болып табылады.

Шифрлайтын кестелер

Шифрлайтын кестелерде кілт ретінде мыналар қолданылады:

- кестенің өлшемі;

- орын ауыстыруды беретін сөз немесе сөздер тіркесі;

- кестенің құрылымының ерекшеліктері.

Орын ауыстыру кестелік шифрларының ең үнемдісі кестенің өлшемі қызмет ететін жай орын ауыстыру болып табылады. Мысалы, КОМПЬЮТЕРЛІК ЖҮЙЕЛЕРДІ ҚОРҒАУ хабар кестеге баған бойынша кезектесіп жазылады. Кестенің 4 қатардан және 7 бағаннан тұратын толтыру нәтижесі 1-суретте көрсетілген.

Шифрмәтінді қалыптастыру үшін хабар мәтінін баған бойынша кестені толтырудан кейін қатар бойынша кестенің құрамын есептейді. Егер шифрмәтінді жеті әріп бойынша тобымен жазып отырса мынадай шифрланған хабар алынады:

КЬРЖЛІҒ ОЮЛҮЕҚА МТІЙРОУ ПЕКЕДР.

Шифрды ашу кезінде іс-әрекеттер кері ретпен орындалады.

К	Ь	Р	Ж	Л	І	±
О	Þ	Л	Ү	Е	Қ	А
М	Т	І	Й	Р	О	У
П	Е	К	Е	Д	Р	.

3.1-сурет. Кестенің 4 қатардан және 7 бағаннан тұратын толтырылуы

Кілт бойынша орын ауыстыру әдісі. Алдыңғы тәсілден бұл тәсіл кестенің бағандары кілттік сөз, сөздер тіркесі немесе кестенің қатарына теру ұзындығының саны бойынша орын ауыстырылады.

Мысалы, кілт ретінде ТЕХНИКА сөзін қолданайық, ал хабардың мәтінін алдыңғы мысалдан алайық. 3.2-суретте хабардың мәтінімен кілттік сөзбен толтырылған екі кесте көрсетілген, бұл кезде сол жақ кесте орнын ауыстыруға дейінгі толтыруға, ал оң жақ кесте – орнын ауыстырудан кейінгі толтыруға сәйкес.

Кілт ⟶

Т	Е	Х	Н	И	К	А
6	2	7	5	3	4	1
К	Ь	Р	Ж	Л	І	Ғ
О	Ю	Л	Ү	Е	Қ	А
М	Т	І	Й	Р	О	У
П	Е	К	Е	Д	Р	.

а) Орын ауыстыруға дейін

А	Е	И	К	Н	Т	Х
1	2	3	4	5	6	7
Ғ	Ь	Л	І	Ж	К	Р
А	Ю	Е	Қ	Ү	О	Л
У	Т	Р	О	Й	М	І
.	Е	Д	Р	Е	П	К

б) Орын ауыстырудан кейін

3.2-сурет. Хабардың мәтіні мен кілттік сөзбен толтырылған

Сол жақ кестенің жоғарғы қатарында кілт, ал кілттің әріптерінің астындағы нөмірлер алфавитте кілттің әріптерінің ретімен сәйкес анықталған. Егер кілтте бірдей әріптер кездессе, олар солдан оңға қарай нөмірленетін еді. Оң жақ кестенің бағандары кілттің әріптерінің реттелген нөмірімен сәйкес орындары ауыстырылған.

Оң жақ кестенің құрамындағы қатар бойынша және жеті әріп бойынша шифрмәтіннің тобының жазбасын есептеу кезінде шифрланған хабарды аламыз: ҒЬЛІЖКР АЮЕҚҮОЛ УТРОЙМІ .ЕДРЕПК

Қосымша жасыруды қамтамасыз ету үшін шифрланудан өткен хабарды қайта шифрлауға болады. Шифрлаудың мұндай тәсілі **екі рет орын ауыстыру** деп аталады. Бұл әдісте орын ауыстыру кестелері жеке баған үшін және жеке қатар үшін анықталады. Кестеге алдымен хабардың мәтіні жазылады, ал содан кейін кезекпен бағандар, сосын қатарлар ауыстырылады. Шифрды ашу кезінде ауыстырулар кері ретте жүргізіледі.

3.3-суретте екі рет орын ауыстыру әдісін іске асыр мысалы көрсетілген.

	2	3	1
3	А	Қ	П

	1	2	3
3	П	А	Қ

	1	2	3
1	А	А	Р

1	А	Р	А
5	Т	Т	Ы
2	Қ	О	Р
4	Ғ	А	У

Бастапқы кесте

1	А	А	Р
5	Ы	Т	Т
2	Р	Қ	О
4	У	Ғ	А

Бағандардың орнын ауыстыру

2	Р	Қ	О
3	П	А	Қ
4	У	Ғ	А
5	Ы	Т	Т

Қатарлардың орнын ауыстыру

3.3-сурет. Екі рет орын ауыстыру әдісінің мысалы

Бастапқы кестенің бағандарының нөмірлері мен қатарларының нөмірлерінің тізбегі қосарлы алмастыру шифрының кілтіне қызмет етеді. (Біздің мысалымызда 231 және 31524 тізбектері сәйкес).

Егер шифрмәтінді оң жақ кестеден 5 әріп бойынша блок қатарымен оқыса, онда келесі шығады: ААРРҚ ОПАҚУ ҒАЫТТ

Сиқырлы квадраттар

Сиқырлы квадрат деп әрбір бағаны, әрбір қатары және әрбір диагональдарының қосындысы бірдей сан беретін, оның клеткаларына бірден басталатын натурал сандардың тізбегі жазылған квадраттық кестені атайды.

Шифрланатын мәтін сиқырлы квадратқа оның клеткаларының нөмірленуіне сәйкес жазылады. Егер содан кейін қатар бойынша осындай кестенің құрамын жазып алса, онда бастапқы хабардың әріптерін орнын ауыстыру арқасында жинақталған шифрмәтін алынады.

3.4-суретте АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ мәтінін сиқырлы квадраттың көмегімен шифрлау мысалы көрсетілген. Қатар бойынша оң жақ кестенің құрамын оқу кезінде алған шифрмәтіннің жұмбақты түрі бар: .ПҚҒ РҚОТ ЫАТР АУАА

16	3	2	13
5	10	11	8
9	6	7	12
4	15	14	1

.	П	Қ	Ғ
Р	Қ	О	Т
Ы	А	Т	Р
А	У	А	А

3.4-сурет. АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ хабарымен толтырылған 4х4 сиқырлы квадраттың мысалы

3.3 Қарапайым ауыстыру шифрлары

Шифрланатын мәтіннің символдарын ауыстырумен шифрлаған кезде ауыстырудың алдын ала қойылған ережесіне сәйкес сол немесе басқа алфавиттің символдарымен ауыстырылады. ²арапайым ауыстыру шифрында бастапқы мәтіннің әрбір символы мәтіннің соңына дейін сол алфавиттің бірдей символдарымен ауыстырылады. ²арапайым ауыстыру шифрын көбінесе біралфавиттік ауыстыру шифрлары деп атайды.

Полибий квадраты

Полибий квадраты қарапайым ауыстырудың алғашқы шифрларының бірі болып есептеледі. Полибий шифрлау мақсатында грек алфавитінің әріптерімен кездейсоқ ретпен толтырылған, өлшемі 5х5 болып келетін квадраттық кестені жасапты.

Бұл полибий квадратта шифрлау кезінде ашық мәтіннің кезекті әрпін тауып, сол бағанда одан төмен орналасқан әріпті шифрмәтінге жазған. Егер мәтіннің әрпі кестенің төменгі қатарында болса, онда шифрмәтін үшін сол бағаннан ең жоғарғы әрпін алады.

Цезарь шифрлау жүйесі

Цезарь шифры қарапайым ауыстыру (біралфавиттік ауыстыруы) шифрының меншікті жағдайы болып табылады. Бастапқы мәтінді шифрлау кезінде әрбір әріп келесі ереже бойынша сол алфавиттің әрпіне ауыстырылады. Ауыстырылған әріп бастапқы әріптен К әріпке алфавит бойынша ығысқан жолмен анықталады. Алфавиттің соңына жеткен кезде оның басына циклдық өту орындалған. Цезарь К=3 ығысуы кезінде ауыстыру шифрын қолданған. Осындай ауыстыру шифрының құрамында ашық мәтіннің және шифрмәтіннің жұп әріптері сәйкес келетін ауыстыруы кестесімен беруге болады. К=3 үшін мүмкін болатын ауыстырудың жиынтығы 3.1-кестеде көрсетілген.

3.1 кесте

Біралфавиттік ауыстыру

A→D	J→M	S→V
B→E	K→N	T→W
C→F	L→O	U→X
D→G	M→P	V→Y
E→H	N→Q	W→Z
F→I	O→R	X→A
G→J	P→S	Y→B
H→K	Q→T	Z→C
I→L	R→U	

Мысалы, Цезарьдің жолдауы VENI VIDI VICI (қазақшаға аударғанда “Келді, Көрді, Жеңді” дегенді білдіреді), Митридаттың ұлы понтийлік патша Фарнакты жеңгеннен кейін өзінің досы Аминтийге жіберілген, шифрды ашқан кезде мына түрде болған:

YHQL YLGL YLFL

Біралфавиттік ауыстыруы жүйесіне қарсы криптоаналитикалық шабуыл, символдардың пайда болу жиілігін есептеумен басталады: шифрмәтінде әрбір

әріптің пайда болуы санмен анықталады. Содан әріптердің алынған бөлу жиіліктері шифрмәтінде бастапқы хабарламаның, мысалға ағылшынша, алфавиттегі әріптердің бөлу жиілігімен салыстырылады. Шифрмәтінде жоғарғы жиілікті пайда болған әріп ағылшын және т.б. тілдердегі жоғарғы жиілікпен пайда болған әріпке ауыстырылады. Шифрлау жүйесінің табысты ашылу мүмкіндігі шифрмәтіннің ұзындығының көбеһімен жоғарылайды.

Кілттік сөзі бар Цезарь жүйесі

Кілттік сөзі бар Цезарь жүйесі ауыстырудың біралфавиттік жүйесі болып табылады. Бұл жүйенің ерекшелігі - ауыстыру алфавитіндегі символдардың ығысқан және өзгертілген реті үшін кілттік сөз қолданылуы.

Кілттік сөз ретінде К санын, 0≤K<25 және сөз немесе қысқа сөздер тіркестігі таңдап алынады. Кілттік сөздің барлық әріптері әртүрлі болғаны жақсы. Мысалы, кілттік сөз ретінде DIPLOMAT сөзін және К=5 саны таңдалсын.

Кілттік сөз сандық коды таңдалған К санымен сәйкес келетін әріптен басталатын алфавиттің әріптерінің астына жазылады:

0	1	2	3	4	5				10						15					20						25
A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K	L	M	N	O	P	Q	R	S	T	U	V	W	X	Y	Z	
					D	I	P	L	O	M	A	T															

Ауыстыруы алфавитінің қалған әріптері алфавиттік ретпен кілттік сөзден кейін жазылады:

					5																					
A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K	L	M	N	O	P	Q	R	S	T	U	V	W	X	Y	Z	
V	W	X	Y	Z	D	I	P	L	O	M	A	T	B	C	E	F	G	H	J	K	N	Q	R	S	U	

Енді бізде кез келген хабарламаның әрбір әрпі үшін ауыстыруы бар.

Бастапқы хабарлама SEND MORE MONEY

былай шифрланады HZBY TCGZ TCBZS

Кілттік сөздің барлық әріптері әр түрлі болуы тиісті деген талаптың міндетті емес екенін ескеру керек. Кілттік сөзді (немесе сөздер тіркестігін) жай ғана бірдей әріптерді қайталамай жазу керек. Мысалы, кілттік сөйлем АУЫЛДЫҢ ЖАНЫ ТЕРЕҢ САЙ және К=3 саны ауыстырудан келесі кестесі туындайды:

	0			3										
1	А	Ә	Б	В	Г	Ғ	Д	Е	Ж	З	И	Й	К	Қ
2	Э	Ю	Я	А	У	Ы	Л	Д	Ң	Ж	Н	Т	Е	Р
1	Л	М	Н	Ң	О	Ө	П	Р	С	Т	У	Ұ	Ү	Ф
2	С	Й	Ә	Б	В	Г	Ғ	З	И	К	Қ	М	О	Ө
1	Х	Һ	Ц	Ч	Ш	Щ	Ь	Ы	І	Ъ	Э	Ю	Я	
2	П	Ұ	Ү	Ф	Х	Һ	Ц	Ч	Ш	Щ	Ь	І	Ъ	

Кілттік сөзі бар Цезарь жүйесінің жетістігі мүмкін болатын кілттік сөздердің саны тәжірибе түрінде өшірілмейтін болып табылады. Бұл жүйенің кемшілігі пайда болатын әріптердің жиіліктерін талдау негізіндегі шифрмәтіннің бұзылу мүмкіндігі болып табылады.

Трисемустың шифрлайтын кестесі

Осындай ауыстыруы шифрын алу үшін әдетте алфавиттің әріптері мен кілттік сөз (немесе сөздер тіркестігі) жазбасына арналған кесте қолданылған. Кестеге алдымен кілттік сөзі жазылып, қайталанатын әріптері алынып тасталады. Содан бұл кесте алфавиттің кілтке кірмей қалған әріптермен реттелген түрде толықтырылады. Кілттік сөз немесе сөздер тіркестігі жадыда оңай сақталатындықтан, мұндай жағдай шифрлау немесе шифрды ашу процестерін жеңілдеткен.

Бұл шифрлау тәсілін мысалда анықтайық. Қазақ алфавиті үшін шифрлайтын кестенің өлшемі 6х7 болады. Кілт ретінде АЛГОРИТМ сөзін алайық. Осындай кілтпен шифрлайтын кесте 3.6-суретте көрсетілген.

А	Л	Г	О	Р	И	Т
М	Ә	Б	В	Ғ	Д	Е
Ж	З	Й	К	Қ	Н	Ң
Ө	П	С	У	Ұ	Ү	Ф
Х	Һ	Ц	Ч	Ш	Щ	Ъ
Ы	І	Ь	Э	Ю	Я	

3.6-сурет. АЛГОРИТМ кілттік сөзімен шифрлайтын кесте

Шифрлау кезінде Полибий квадратындағы сияқты осы кестеден ашық мәтіннің кезекті әрпін тауып, одан төменгі бағанда орналасқан әріпті шифрмәтінге жазады. Егер бастапқы мәтіннің әрпі кестенің төменгі қатарында болса, онда шифрмәтін үшін сол бағандағы ең жоғарғы әрпін алады.

МЫСАЛЫ, ОСЫ КЕСТЕНІҢ КӨМЕГІМЕН АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ ХАБАРДЫ ШИФРЛАҒАН КЕЗДЕ МҰҺМҒМЕЕАТҰВҒҚМЧ ШИФРМӘТІНДІ АЛАМЫЗ.

Мұндай кестелік шифрларда шифрлау бір әріп бойынша орындалатындықтан моногрaммды деп аталады. Трисемус шифрлайтын кестелердің екі әріптері бойынша шифрлауға болатынын байқаған. Мұндай шифрлар ***биграммалық*** деп аталады.

Плейфердің биграммалық шифры

Плейфер жүйесінің шифрлайтын кестесінің құрылымы Трисемустың шифрлайтын кестесінің құрылымына ұқсас болады. Сондықтан Плейфер жүйесінде шифрлау және шифрды ашу процедураларын түсіну үшін өткен тараудан (3.6-суретті қара) Трисемустың шифрлайтын кестесін қолданамыз.

Шифрлау процедурасы келесі қадамдардан тұрады:

1. Бастапқы хабарламаның ашықмәтіні әріптер жұбына (биграммаларға) бөлінеді. Мәтінде әріптердің саны жұп болу керек және онда құрамында екі бірдей әріп, биграммалар, болмау керек. Егер бұл талаптар орындалмаса, онда мәтін мәні жоқ орфографиялық кестелердің арқасында түрлендіріледі.

2. Ашық мәтіннің биграммалар тізбегі шифрлайтын кестенің көмегімен келесі ережелер бойынша түрленеді:

а) егер ашық мәтіннің биграммасының екі әрпі де бір қатарға немесе бағанға (мысалы, 6 суреттегі кестедей М және П әріптері сияқты) түспесе, онда берілген әріптердің жұбымен анықталатын тікбұрыштың бұрышындағы әріптер ізделінеді. (Біздің мысалда бұл МП°′ әріптері. МП әріптер жұбы °′ жұбына бейнеленеді. Шифрмәтіндегі биграммаларда әріптердің тізбегі ашық мәтіннің биграммасындағы әріптер тізбегінің қатынасы бойынша айнадай орналасу керек);

б) егер ашық мәтіннің биграммасының екі әріптері де кестенің бір бағанында орналасса, онда шифрмәтіннің әріптері болып оның астында жатқан әріптер есептелінеді. (Мысалы, КО биграммасы УВ шифрмәтіннің биграммасын береді). Егер ашық мәтіннің әрпі төменгі қатарда орналасса, онда шифрмәтін үшін сол бағанның жоғарғы қатарындағы сәйкес келетін әріп алынады;

в) егер ашық мәтіннің биграммасының екі әрпі де кестенің бір қатарына орналасса, онда шифрмәтіннің әріптері болып олардың оң жағында жатқан әріптер есептелінеді. (Мысалы, ЬЮ биграммасы °ß шифрмәтіннің биграммасын береді). Егер ашық мәтіннің әрпі соңғы оң жақ бағанда орналасса, онда шифр үшін сол қатардағы сол жақ бағаннан сәйкес келетін әріпті алады.

КОМПЬЮТЕРЛЕР сөзін шифрлайық. Бұл мәтіннің биграммаларға бөлуі мынаны береді: КО М П ЬЮ ТЕ РЛ ЕР.

Ашық мәтіннің берілген биграммалар тізбегі келесі шифр мәтіннің биграммалар тізбегіне шифрлайтын кестенің (6 суретті қара) көмегімен түрленеді: УВ ӘӨ ЭЯ ЕҢ ИГ ҒТ.

Шифрды ашу кезінде әрекеттердің кері реті қолданылады.

3.4 Күрделі ауыстыру шифрлары

Күрделі ауыстырудың шифрларын көпалфавитті деп атайды. r-алфавитті ауыстыру кезде негізгі хабардың x_0 символы B_0 алфавитіндегі y_0 символымен, x_1 символы B_1 алфавитіндегі y_1 символымен ауыстырылады, тағы да сол сияқты, x_{r-1} символы B_{r-1} алфавитіндегі y_{r-1} символымен, x_r символы B_0 алфавитіндегі y_r символымен ауыстырылады.

r=4 жағдай үшін көпалфавитті ауыстырудың жалпы сұлбасы 3.7-суретте келтірілген.

Енгізу символы	x_0	x_1	x_2	x_3	x_4	x_5	x_6	x_7	x_8	x_9
Ауыстыру алфавиті	B_0	B_1	B_2	B_3	B_0	B_1	B_2	B_3	B_0	B_1

3.7-сурет. r=4 жағдай үшін көпалфавитті ауыстырудың жалпы сұлбасы

Көпалфавитті ауыстырудың тиімді қолдануы негізгі тілдің шынайы қалқалау статистикасын қамтамасыз етуінде. Өйткені нақты символ А негізгі алфавитімен B_i бірнеше әртүрлі алфавиттік шифрлық символдарына түрлендіріледі. Қолданылатын қорғаныс жасаудың дәрежесі B_i алфавитті тізбегіндегі r периодының ұзындығына теориялық пропорционалды болады.

Гронсфельд шифры

Гронсфельд шифры деп аталатын бұл күрделі ауыстыру шифры Цезарь шифрының сандық модификациясын білдіреді. Ол үшін негізгі хабардың әріптерінің астына сандық кілттің цифрларын жазады. Егер кілт хабардан қысқа (аз) болса, онда кілттің цифрларын циклді түрде қайталайды.

Мысалы, кілт ретінде 2718 санын қолдана отырып ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ хабары үшін келесі шифрмәтін аламыз:

Хабар	Ұ	Л	Ы	Ж	І	Б	Е	К	Ж	О	Л	Ы
Кілт	2	7	1	8	2	7	1	8	2	7	1	8
Шифрмәтін	Ф	Р	І	Н	Э	З	Ж	П	И	Ұ	М	Б

Хабардың бірінші Ұ әрпін шифрлау үшін 2 кілттің бірінші цифрін қолдана отырып Ұ-дан басталатын қатар бойынша екінші әріпті, яғни алфавиттегі $Ұ\text{-}Ү_1\text{-}Ф_2$ есептеу керек. Шифрмәтіннің Ф деген бірінші әрпі алынады.

Ары қарай шифрлау осылайша жалғаса береді.

Вижинер шифрлау жүйесі

Вижинер жүйесі Цезарь шифрлау жүйесіне ұқсайды**.**

Бұл көпалфавитті ауыстыру шифрын шифрлау кестесімен жазуға болады. Бұл шифрлау кестесі Вижинер кестесі деп аталады. 4-кестеде қазақ тіліне арналған Вижинер кестесі көрсетілген.

Вижинер кестесі шифрлау және шифрды ашу үшін қолданылады. Кестенің екі кірісі бар:

- негізгі ашық мәтіннің әрпін анықтайтын жоғарғы қатардың сызылған символдары;
- кілттің шеткі сол бағанасы.

Шифрлау процесі кезінде кестенің жоғарғы қатарында негізгі мәтіннің кезекті әрпін және сол бағанада кезекті кілттің мәнін табады. Осы екі әрпін байланыстыратын сызықтардың қиылысқан жерінде шифрмәтіннің әрпі алынады. Вижинер кестесі көмегімен алынған шифрмәтіннің мысалын қарастырайық. РЕСПУБЛИКА кілттік сөз таңдап алынсын. КОМПЬЮТЕРЛІК ЖҮЙЕЛЕРДІ ҚОРҒАУ деген хабарды шифрлау керек.

Негізгі хабарды қатарға көшіреміз және оның астына қайта қайталанатын кілттік сөзді жазамыз. Үшінші қатарға Вижинер кестесінен анықталған шифрмәтін әріптерін көшіреміз.

Хабар	КОМПЬЮТЕРЛІК	ЖҮЙЕЛЕРДІ	ҚОРҒАУ
Кілт	РЕСПУБЛИКАРЕ	СПУБЛИКАР	ЕСПУБЛ
Шифрмәтін	ЩҰЬЯПАЬҢЩЛНӨ	ҢҒЫЗХҢШДН	ПЯАРБЭ

3.4-кесте

Қазақ әліпбиіне арналған Вижинер кестесі

а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я
ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а
б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә
в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б

г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в
ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г
д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ
е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д
ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е
з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж
и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з
й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и
к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й
қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к
л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ
м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л
н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м
ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н
о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң
ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о
п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө
р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п
с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р
т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с
у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т
ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у
ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ
ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү
х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф
һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х
ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ
ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц
ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч
щ	ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш
ъ	ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ
ы	і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ
і	ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы
ь	э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і
э	ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь
ю	я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э
я	а	ә	б	в	г	ғ	д	е	ж	з	и	й	к	қ	л	м	н	ң	о	ө	п	р	с	т	у	ұ	ү	ф	х	һ	ц	ч	ш	щ	ъ	ы	і	ь	э	ю

Уитстонның “қос квадрат” шифры

1894 жылы ×арльз Уитстон ағылшыны “қос квадрат” деп аталатын биграммалармен шифрланатын жаңа әдіс тапты. “Қос квадрат” шифры Плейфейр шифрындағы сияқты биграммалармен шифрлау жүргізілетін екі кестені бірден қолданады.

Осы шифрмен шифрлауға мысал келтірейік. Қазақ алфавитінің кездейсоқ орналасқан символдары бар екі кесте берілсін (3.8-сурет).

Шифрлау алдында негізгі хабарды биграммаларға бөледі. Әрбір биграмма бөлек шифрланады. Биграмманың бірінші әрпі сол жақтағы кестеден, ал екінші әрпі – оң жақ кестеден алынады. Содан кейін қарсы төбелерінде жатқан биграмма әріптері бар тіктөртбұрышты ойдағыдай құрастырады.

Бұл тіктөртбұрыштың басқа екі төбесі шифрмәтіннің биграмма әріптерін береді.

1	2	3	4	5		1	2	3	4	5
Р	А	М	,	Һ	1	Л	.	Н	Ы	П
Ү	Ш	Ж	П	Қ	2	Ә	М	У	Б	Ұ
З	Й	.	У	Н	3	С	К	З	:	Ф
І	С	Э	Ұ	Ы	4	Ч	Ш	А	Һ	О
Ң	Л	Ө	Х	Ч	5	Х	,	Ү	И	Ң
В	Ь	К	Я	:	6	Ъ	Щ	Д	Ц	Э
Ә	Ф	О	И	Б	7	Ғ	Й	І	Т	Ж
Щ	_	Д	Ю	Е	8	_	Р	Ь	Ө	Я
Т	Г	Ц	Ъ	Ғ	9	Қ	Ю	Е	Г	В

3.8-сурет. “Қос квадрат” шифрына арналған қазақ алфавиттің кездейсоқ орналасқан символдары бар екі кесте

БҮ негізгі мәтіннің биграммасы шифрлансын дейік. Б әрпі сол кестенің 5-ші бағаны мен 7-ші қатарында орналасқан. Ү әрпі оң кестенің 3-ші бағаны мен 5-ші қатарында орналасқан. Бұл тіктөртбұрыштың 5 және 3 қатарлары, сонымен бірге сол кестенің 7 және оң кестенің 5 бағаналары бойынша пайда болғанын білдіреді. Сондықтан, шифрмәтіннің биграммасына оң кестесіндегі 3-ші баған мен 7 қатарда орналасқан І әрпі және сол кестедегі 5 баған мен 5 қатарда орналасқан Ч әрпі кіреді. ІЧ шифрмәтін биграммасы алынады.

Егер хабар биграмманың екі әріпі де бір қатарда жатса, онда шифрмәтін әріптері де осы қатардан алынады. Хабар биграмманың екінші әрпіне сәйкес келетін шифрмәтін биграмманың бірінші әрпі сол кестедегі қатардан алынады.

Бастапқы хабар	БҮ	ГІ	Н_	ЖА	ҢБ	ЫР	ЛЫ	_Қ	ҮН
Шифрмәтін	ІЧ	ЕФ	СЕ	УЭ	ИУ	ШЕ	ИА	РЙ	УР

Бірреттік шифрлау жүйесі

Бірреттік шифрлау жүйесінің ерекшелігі кілттік тізбегінің бір рет қолданылуы болып табылады. Бұл шифрлау жүйесі $X=(x_0, x_1, \ldots, x_{n-1})$ бастапқы ашық мәтінді мынадай $Y_i= (X_i + K_i) \bmod m$, $0 \le i \le n-1$ Цезарь ауыстыруын қолдана отырып $Y=(y_0, y_1, \ldots, y_{n-1})$ шифрмәтініне түрлендіреді. Бұл жерде K_i – кездейсоқ кілттік тізбектің і-ші ӯлементі

Бірреттік жүйенің $\bar{\kappa}$ кілттік кеңістігі $\bar{Z}_m$-ден дискреттік кездейсоқ шамаларының жиынтығын және m^n мәндерінен тұратынын көрсетеді.

Шифрды ашу процедурасы мына теңдігімен жазылады

$Y_i = (X_i - K_i) \bmod m$.

Бірреттік жүйе 1917 жылы американдықтар Дж.Моборн және Г.Вернаммен ойлап тапқан. Бұл алмастыру жүйесін іске асыру үшін бірреттік блокнот пайдаланылады. Бұл блокнот жыртылмалы парақтардан құралған. Парақтың әрқайсында k_i кездейсоқ сандармен (кілттермен) кесте басылған. Блокноттың екі ýкземпляр орындалады: біреуі – жіберушімен, ал екіншісі – алушымен пайдаланылады. Хабардың x_i әрбір символы үшін кестеден k_i өз кілті тек бір рет қолданылады. Кесте қолданылып болған соң, ол блокноттан өшіріліп және жойылу тиіс. Жаңа хабарды шифрлау үшін жаңа беттен бастайды.

Бірреттік блокноттың кейбір вариантарында кілттік тізбектің жай басқаруына сүйенеді, бірақ бұл шифрдың беріктігінің азаþына алып келеді. Мысалы, хабарды жіберушімен алушыға белгілі кілт кітаптағы көрсетілген жерлермен анықталады. Кілттік тізбек сол кітаптың көрсетілген жерінен басталады және Вижинер жүйесіндегі сияқты қолданылады. Кейде мұндай шифрды жүгірікті кілті бар шифр деп атайды. Кілттік тізбекті басқару шифрдың мұндай вариантында жеңілірек, өйткені ұзын кілттік тізбек компактты пішінде көрсетілген. Бірақ басқа жағынан бұл кілттер кездейсоқ болмайды. Сондықтан криптоаналитикте табиғи негізгі тілдің әріптер жиілігі туралы ақпаратты пайдалану мүмкіндігі пайда болады.

Вернам әдісімен шифрлау

Вернам шифрлау жүйесі m=2 модулінің мәні ретінде Вижинер шифрлау жүйесінің жеке жағдайы болып табылады. Негізгі мәтін символдардың екілік көрсетімін қолданады.

Негізгі мәтіннің алты көмекші символдармен кеңейтілген (пробел, возврат каретки және т.с.с.) ағылшын алфавитіндегі {A,B,C,D...Z} әрбір символы алдымен Бодо телеграф кодасы бар 5-биттік блокқа (b_0, b_1,... b_4) кодаланған.

K_0, K_1, K_2... екілік кілттердің кездейсоқ тізбегі алдын-ала қағаз таспаға жазылады.

Алдын-ала *x* екілік символдар тізбегіне түрленген негізгі мәтінді шифрлау екілік кілттер тізбегі мен *x* символдары модуль 2 бойынша қосылады.

Шифрды ашу шифрмәтінінің сол *к* кілттер тізбегі мен *у* символдары модуль 2 бойынша қосылуынан анықталады:

$y \oplus к = x \oplus к \oplus к = x$

Шифрлау және шифрды ашуда пайдаланған кілттер тізбегі бір-бірінің орнын толтырады (модуль 2 бойынша қосқанда) және қорытындыда негізгі мәтіннің *x* символдары қалыпқа келтіріледі.

Бақылау сұрақтары:

1. Орын алмастыру шифрлер дегеніміз не?.
2. алмастыру шифрлері: моноалфавиттық дегеніміз не?
3. полиалфавиттық - Вижинер шифрі атқаратың қызметі.
4. DES шифрлері не үшін қажет?
5. орын алмастыру және алмасу шифлердің айырмашылығы недең?

6. Көпалфавитті алмастыруды қолданудың мақсаты?
7. Шифрлаудың қарапайым әдістерін ата.
8. Биграммалық шифрларды ата.

Пайдаланылатын әдебиет: [1] – 4-18 б.

Дәріс №6. Тақырыбы: Симметриялық алгоритімдер. Қазіргі симметриялы криптожүйелер

1. Қазіргі кездегі симметриялық шифрлеу алгоритмі.
2. Алгоритмдер түрлері.

Мақсаты: Симметриялық және асимметриялық шифрлеу алгоритммен таныстыру

DES (Data Encryption Standard). өте тиімді және қолайлы симметриялық шифрлеу алгаритмі. АҚШ Мемлекеттік Стандарттау және технология Институтында өнделген (NIST – National of Standards and Technology) 1977 жылы.

DES негізгі мүмкіншіліктері:

1. DES 64 битпен деректер блогін шифрлейді.
2. DES шифрлау кілті 64 бит көлемі бар, бірақ кілттін мағыналы бөлігі 56 биттен тұрады, әр сегізінші бит жұптылықты бақылау үшін қолданылады.
3. Шифрлеу алдында және алғашқы құру кезінде кілт – нәтижесінде кілттін көлемі 64 битке тең болады.
4. Алғашқы орын алмасу өндіріледі.
5. 16 раундынегізгі криптоөндеу жүзеге асырылады.
6. Осылардың соңында финалды орын алмасады, алғашқыға инверсальды.

DES келесі жұмыс режимі бар:

- электронды кодтық кітап ECB (Electronic Code Book);
- CBC шифр блогінің ұстасуы (Cipher Block Chaining)
- CFB шифромәтін бойынша қайта байланысы (Cipher Feed Back)
- OFB шығу бойынша қайта байланысы (Output Feed Back).

Алгоритмдер келесі минимальды талаптары бар:

- алгоритм мәліметтерді симметриялық шифрлау блогын орындау қажет;
- алгоритм минимум келесі шифрленген болк көлемін және шифрлау кілтінің ұзындығын сақтау қажет : 128/128, 128/192 және 128/256 бит.

Алгоритмдер түрлері.

Конкурсқа 15 алгоритм шифрлеуі жіберілді.Нәтежесінде 5 алгоритм озды, оның кемшіліктері болған жоқ.

Алгоритмдер:

MARS	IBM Corporation
RC6	RSA Laboratories
RIJNDAEL	Joan Daemen, Vincent Rijmen, Бельгия *
SERPENT	Ross Anderson Eli Biham, Lars
TWOFISH	Bruce Schneier.

Негізгі талаптарынаң басқа олар келесі критерияларға сай:

- жоғарға криптотабанды;
- әлсіз және эквиваленті кілттері жоқ ;
- түсінікті құрылымы бар;
- оперативті және энергобайланыссыз жадтарға көп талаптанбайды.
- Барлық платформаларда жоғарғы тез әрекеті бар – 8 ден бастап 64 битқа дейін;

Енді конкурстан өтпеген 10 алгоритмнің критерияларын қарастырайық .

Алгоритмдер

DEAL Шифрлау жылдамдығы өте төмен.

FROG алғашқы өндеу кілті және шифрлеу жылдамдығы төмен, алгоритм құрылысы қиын.

HPC барлық платформаларда шифрлеу аяндау Эквивалентті кілттердін саны көп

LOKI 97 Сызықтық және дифференциалдық криптоанализ әдістері жоғарғы табанды емес.

MAGENTA Тандап алған ашық мәтінді жаулап алуы мүмкін.

CAST – 256 Шифрлеу жылдамдығының үлкенсіздігіне байланысты энергобайланыс жадына жоғарға талабы.

CRYPTON Шифрлеу жылдамдығы төмен, бірақ RIJNDAEL алгоритміне ұқсайды.

TWOFISH

DFC барлық платформаларда шифрлеу жылдамдығы жоғарғы емес, 64- биттан басқа.

E2 оперативті және энергобайланыссыз жадтарға көп талаптанады.

SAFER+ негізгі сиппаттамасы бойынша SERPENT ұқсайды.

К.Шеннон пікірі бойыша шифрларларда екі жалпы ұстанымды пайдалану қажет: шашырау және араластыру.

Шышырау кезінде ашық мәтіндегі бір таңбаның шифрмәтіндегі көп таңбаға ықпалының таралуы болады. Ол ашық мәтіннің статистикалық қасиеттерін жасыруға мүмкіндік береді. Араластыру кезінде шифрлаушы түрлендірулер пайдаланылады. Олар ашық және шифрланған мәтіндердің

статистикалық қасиеттерінің өзара байланысын қалпына келтіруді қиындатады. Дегенмен шифр ашуды қиындатып қана қоймай (егер пайдаланушыға құпия кілт белгілі болған жағдайда) шифрлау мен оны қайта ашудың оңай болғанын да қамтамасыз етуі керек.

Шашырау мен араластыруды іске асыруға арналған тәсілдердің біріне құрама шифрды пайдалану тәсілі жатады. Бұл тәсілде пайдаланылатын шифр қарапайым шифрлер тізбегінен тұрады. Мұндағы әрбір шифр не шашырау, не араластыру арқылы нәтижеге өз үлесін қосады. Құрама шифрлерде қарапайым шифр есебінде, әдетте ауыстыру және қарапайым орын ауыстыру жиі пайдаланылады. Орын ауыстыру кезінде ашық мәтін символдарын тек араластырады және араластырудың нақты түрін құпия кілт анықтайды. Ауыстыру кезінде ашық мәтіннің әрбір символы, сол алфавиттегі басқа символмен ауыстырылады, ал алмастырып қоюдың нақты түрін, бұл жерде де құпия кілтпен анықтайды. Сонымен бірге мынаны еске ала кету керек: қазіргі кездегі блоктық шифрда ашық мәтін мен шифрмәтіннің блоктары әдетте ұзындықтары 64 бит болатын екілік тізбектерден тұрады. Әрбір блок 2^{64} мән қабылдауы мүмкін. Сондықтан ауыстыру құрамында $2^{64}=10^{19}$ символдары бар өте үлкен алфавитте орындалады.

5.1. DES стандарты

DES (Data Encryption Standart) стандартын 1977 жылы АҚШ-тың ұлттық стандарттар бюросы жарияланған [Романец]. DES алгоритмінің негізгі жағымды жақтары:

- ұзындығы 56 бит болатын бір ғана кілт пайдаланылады;
- DES стандартына сәйкес болатын программалардың бір дестесінің көмегімен хабарларды шифрланған соң, осы стандартқа сәйкес кез келген шифрды ашу программалар дестесін пайдалануға болады;
- алгоритмнің қарапайымдылығы өңдеудің жоғары шапшаңдығын қамтамасыз етеді;
- алгоритмнің жеткілікті түрдегі криптоберіктілігі.

DES алгоритмі орын ауыстыру мен ауыстырулар қисындасуын пайдаланады. DES 64-биттік кілт көмегімен 64-биттік деректер блогын шифрлауға мүмкіндік береді. Кілттегі 8 бит - жұптылықты бақылауға арналған тексеру биттері болып табылады. Шифрды ашу - шифрлауға кері операция болып табылады.

DES алгоритмін сипаттағанда мынадай шартты белгілер пайдаланылды:

- L және R - сол (left) және оң (right) биттер тізбектері;
- LR - L және R тізбектерінің конкатенациясы. LR биттер тізбегінің ұзындығы L және R ұзындықтарының қосындысына тең. LR биттер тізбегінде L тізбегінің битерінен соң R тізбегінің биттері жүреді;
- $\oplus$ - модуль 2 бойынша битті битке қосу операциясы.

Бастапқы мәтіні бар файлдан кезекті 64-биттік (8-байттық) T блогы оқылады. Бұл T блогы IP бастапқы *орын ауыстыру матрицасы* көмегімен түрлендіріледі (2-кесте).

Содан сон 16 қадамнан тұратын шифрлаудың итеративтік процесі орындалады.

$$T_i = L_i\ R_i\ ,$$

мұндағы T_i - і-ші итерациясының нәтижесі; $L_i = t_1 t_2 \ldots t_{32}$ (бастапқы 32 бит); $R_i = t_{33} t_{34} \ldots t_{64}$ (соңғы 32 бит).

Сонда і-ші итерациясының нәтижесі келесі формула арқылы жазылады:

$$L_i = R_{i-1}, \quad i=1, 2, \ldots, 16;$$

$$R_i = L_{i-1} \oplus f(R_{i-1}, K_i), \quad i=1, 2, \ldots, 16$$

f-функциясы шифрлау функциясы деп аталады. Оның аргументтері болып итерацияның алдыңғы қадамында алынған R_{i-1}-тізбегі мен 64-биттік К-шифрын түрлендіруден пайда болған 48-биттік K_i-кілті табылады. (f-шифлау функциясы мен K_i-кілт алгоритмі төменде келтірілген).

Итерацияның соңғы қадамында R_{16} және L_{16} тізбегі алынады (орын ауыстырусыз). Олар 64-биттік $R_{16}L_{16}$ тізбегіне конкатенцияланады.

Шифрлау аяқталған соң, кері ауыстыру IP^{-1} матрицасы (3-кесте) көмегімен биттер алғашқы орнына келтіріледі.

IP^{-1} матрицасы мен IP матрицасының бірінші қатарындағы элементтердің бір-біріне өзара қатынасы 4-кестеде келтірілген.

Кері шифрлау былайша жүргізіледі: кері шифрланатын деректер алдымен IP^{-1} матрицасы бойынша орын ауыстырылады, содан соң $R_{16}L_{16}$ биттер тізбегіне шифрлау процесінде болатын амалдардың кері түрі қолданылады.

Кері шифрлау процесі келесі формула түрінде жазылады:

$$R_{i-1} = L_i, \quad i=1, 2, \ldots, 16;$$

$$L_{i-1} = R_i \oplus f(L_i, K_i), \quad i=1, 2, \ldots, 16.$$

Сонымен, орын ауыстырылған $R_{16}L_{16}$ кірме блогы бар кері шифрлау процессі үшін 1-ші итерацияда - K_{16} кілті, 2-де - K_{15} кілті т.с.с. пайдаланылады. 16-шы итерацияда K_1-кілті пайдаланылады. Итерацияның ең соңғы қадамында L_0 және R_0 тізбектері алынады. Олар 64 биттік L_0R_0 - тізбегіне конкатенцияланады. Содан соң осы тізбектегі 64 бит IP матрицасына сәйкес орын ауыстырылады. Бұл түрлендіру нәтижесінде бастапқы биттер тізбегін алынады (кері шифрланғ 64 биттік мән).

2-кесте

IP бастапқы орын ауыстыру матрицасы

58	50	42	34	26	18	10	2
60	52	44	36	28	20	12	4
62	54	46	38	30	22	14	6
64	56	48	40	32	24	16	8
57	49	41	33	25	17	9	1
59	51	43	35	27	19	11	3
61	53	45	37	29	21	13	5

3-кесте

IP^{-1} кері ауыстыру матрицасы

40	8	48	16	56	24	64	32
39	7	47	15	55	23	63	31
38	6	46	14	54	22	62	30
37	5	45	13	53	21	61	29
36	4	44	12	52	20	60	28
35	3	43	11	51	19	59	27
34	2	42	10	50	18	58	26

63	55	47	39	31	23	15	7

33	1	41	9	49	17	57	25

4-кесте

Матрица элементтерінің байланысы

IP^{-1} матрица элементі	IP матрица элементі
40	01
8	02
48	03
16	04
56	05
…	…

$f(R_{i-1},K_i)$-функциясының мәндерін есептеу үшін мыналар пайдаланылады:

- E функциясы (32 биттен 48 кеңейуі)
- S_1, S_2, …, S_8 функциясы (6 биттік санның 4 биттік санына алмастыру);
- P функциясы (32 биттік тізбектегі биттердің орын ауыстыруы).

Осы функциялардың анықтамасын келтірейік. f - шифрлау функциясының аргументтері болып R_{i-1}(32 бит) және K_i (48 бит) табылады. E (R_{i-1}) функциясының нәтижесі - 48 биттік сан. 32 биттен 48 битке дейін кеңейтуды орындайтын (32 биттік блокты қабылдап, 48 биттік блокты тудырады). E кеңейту функциясы 5-кесте бойынша анықталады.

5-кесте

E кеңейту функциясы

32	1	2	3	4	5
4	5	6	7	8	9
8	9	10	11	12	13
12	13	14	15	16	17
16	17	18	19	20	21
20	21	22	23	24	25
24	25	26	27	28	29
28	29	30	31	32	1

5-кестеге сәйкес $E(R_{i-1})$ - алғашқы үш биті ол - 32, 1 және 2 биттер, ал соңғы - 31, 32, 1. Алынатын нәтиже (оны $E(R_{i-1})$ деп белгілейік) модуль 2 бойынша K_i кілтінің ағымдағы мәнімен қосылады (XOR операциясы) содан сон 6 биттік B_1, B_2, …, B_8 блоктарына бөлінеді:

$$E(R_{i-1}) \oplus K_i = B_1\, B_2 \ldots B_8$$

Ары қарай бұл блоктардың әрқайсысы, 4 биттік мәні бар S_1, S_2, …, S_8 - функция-матрицаларының элементтерінің нөмірі ретінде пайдаланылады (6-кесте).

6-кесте

S_1 ,S_2, …, S_8 түрлендіру Функциялары

		Баған нөмірі																
		0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	
Жол нөмірі	0	14	4	13	1	2	15	11	8	3	10	6	12	5	9	0	7	S_1
	1	0	15	7	4	14	2	13	1	10	6	12	11	9	5	3	8	
	2	4	1	4	8	13	6	2	11	15	12	9	7	3	10	5	0	
	3	15	12	8	2	4	9	1	7	5	11	3	14	10	0	6	13	
	0	15	1	8	14	6	11	3	4	9	7	2	13	12	0	5	10	S_2
	1	3	13	4	7	15	2	8	14	12	0	1	10	6	9	11	5	
	2	0	14	7	11	10	4	13	1	5	8	12	6	9	3	2	15	
	3	13	8	10	1	3	15	4	2	11	6	7	12	0	5	14	9	
	0	10	0	9	14	6	3	15	5	1	13	12	7	11	4	2	8	S_3
	1	13	7	0	9	3	4	6	10	2	8	5	14	12	11	15	1	
	2	13	6	4	9	8	15	3	0	11	1	2	12	5	10	14	7	
	3	1	10	13	0	6	9	8	7	4	15	14	3	11	5	2	12	
	0	7	13	14	3	0	6	9	10	1	2	8	5	11	12	4	15	S_4
	1	13	8	11	5	6	15	0	3	4	7	2	12	1	10	14	9	
	2	10	6	9	0	12	11	7	13	15	1	3	14	5	2	8	4	
	3	3	15	0	6	10	1	13	8	9	4	5	11	12	7	2	14	
	0	2	12	4	1	7	10	11	6	8	5	3	15	13	0	14	9	S_5
	1	14	11	2	12	4	7	13	1	5	0	15	10	3	9	8	6	
	2	4	2	1	11	10	13	7	8	15	9	12	5	6	3	0	14	
	3	11	8	12	7	1	14	2	13	6	15	0	9	10	4	5	3	
	0	12	1	10	15	9	2	6	8	0	13	3	4	14	7	5	11	S_6
	1	10	15	4	2	7	12	9	5	6	1	13	14	0	11	3	8	
	2	9	14	15	5	2	8	12	3	7	0	4	10	1	13	1	6	
	3	4	3	2	12	9	5	15	10	11	14	1	7	6	0	8	13	
	0	4	11	2	14	15	0	8	13	3	12	9	7	5	10	6	1	S_7
	1	13	0	11	7	4	9	1	10	14	3	5	12	2	15	8	6	
	2	1	4	11	13	12	3	7	14	10	15	6	8	0	5	9	2	
	3	6	11	13	8	1	4	10	7	9	5	0	15	14	2	3	12	
	0	13	2	8	4	6	15	11	1	10	9	3	14	5	0	12	7	S_8
	1	1	15	13	8	10	3	7	4	12	5	6	11	0	14	9	2	
	2	7	11	4	1	9	12	14	2	0	6	10	13	15	3	5	8	
	3	2	1	14	7	4	10	8	13	15	12	9	0	3	5	6	11	

S_j матрицасында элементті таңдау ерекше түрде өтеді. S_j-матрицасының кірісіне 6-биттік $B_j=b_1\,b_2\,b_3\,b_4\,b_5\,b_6$ блок кірсін дейік. Сонда 2-біттік b_1b_6 саны матрица жолының нөмірін, ал төртбіттік $b_2b_3b_4b_5$ саны - баған нөмірін көрсетеді. Мысалы, егер S_1 матрицасының кірісіне $B_1=b_1b_2b_3b_4b_5b_6=100110$ алтыбиттік блок түссе, онда $b_1b_6=10_{(2)}=2_{(10)}$ екібиттік сан S_1 матрицасының нөмірі 2 жолын, ал $b_2b_3b_4b_5=0011_{(2)}=3_{(10)}$ 4 биттік сан S_1 матрицасының нөмірі 3 бағанын көрсетеді. Бұл S_1 матрицасындағы $B_1=100110$ блогы нөмірі 2 жол мен нөмірі 3 баған қиылысқан жеріндегі элементті, яғни $8_{(10)}=1000_{(2)}$ таңдап

алады. Алты биттік B_1, B_2, …, B_8 - блоктар жиынтығы S_1 ,S_2, …, S_8 әр матрицасындағы 4 биттік элементті таңдап алуды қамтамасыз етеді.

Нәтижесінде $S_1(B_1)S_2(B_2)…S_8(B_8)$, яғни 32 биттік блок аламыз (S_j матрицасы құрамында 4 биттік элементтер бар). Бұл 32-биттік блок P биттердің орын алмастыру функциясы бойынша түрлендіріледі (7-кесте).

Сонымен, шифрлау функциясы: $f(R_{i-1}, K_i) = P(S_1(B_1), …, S_8(B_8))$ болады.

Әр итерация сайын K_i кілтінің (ұзындығы 48 бит) жаңа мәні пайдаланылады. K_i кілтінің жаңа мәні бастапқы К кілтінен есептеледі (15-сурет). К кілті есебінде 64 биттік блокты алуға болады. Оның 8 биті (8, 16, 24, 32, 40, 48, 56, 64 орындарында орналасқан) жұптық бақылауы болады. Бақылау биттерін алып тастап, кілті жұмысқа пайдалану үшін кілтті алдын ала дайындайтын G функциясы пайдаланылады (8-кесте).

7-кесте

Биттерді орын ауыстыру P-функциясы

16	7	20	21
29	12	28	17
1	15	23	26
5	18	31	10
2	8	24	14
32	27	3	9
19	13	30	6
22	11	4	25

8-кесте

Кілтті бастапқы дайындау G функциясы (1-ші орын ауыстырып іріктеме)

57	49	41	33	25	17	9
1	58	50	42	34	26	18
10	2	59	51	43	35	27
19	11	3	60	52	44	36
63	55	47	39	31	23	15
7	62	54	46	38	30	22
14	6	61	53	45	37	29
21	13	5	28	20	12	4

8-кесте екі бөлікке бөлінген. G(K) турлендіру нәтижесі әр қайсысы 28 биттік екі C_0 және D_0 бөлігіне бөлінген. G-матрицасының бірінші 4 жолы C_0 тізбегінің биттері қалай таңдалады - соны анықтайды (C_0 бірінші биті шифр кілтінің 57 биті, содан кейінгі 49 бит т.б.с, ал соңғы биттері 44 және 36 кілт биттері болады).

G матрицасының келесі 4 жолы D_0 тізбегінің биттері қалай таңдалатының анықтайды (яғни D_0 тізбегі шифр кілтінің 63, 55, 47, …, 12, 4 биттерінен тұрады).

8-кестеде келтірілгендей C_0 және D_0 тізбегін генерациялау үшін шифр кілтінің 8, 16, 24, 32, 40, 48, 56, 64 биттері пайдаланылмайды. Бұл биттер шифрлауға әсер етпейді және оларды басқа мақсаттарға пайдалануға болады (мысалы жұптылықты бақылау үшін). Осылайша шифр кілті іс жүзінде 56 биттік болып табылады.

C_0 және D_0 анықталған соң, рекурсивті түрде C_i және D_i анықталады i=1, 2, …, 16. Ол үшін, 9-кестеде көрсетілгендей, итерация қадамының нөміріне байланысты бір немесе 2 битке циклды түрде солға ығысу операциясы қолданылады.



5.1 сурет. K_i кілтін есептеу алгоритмінің сұлбасы

Итерацияның әр қадамында анықталатын K_i кілті - 56 биттік тізбегі және онын орны ауыстыруынан іріктеп алынған нақты биттер нәтижесі. Басқаша айтқанда K_i кілті мынаған тең, $K_i=H(C_iD_i)$, мұндағы H-Функциясы кілтті өңдеуді аяқтайтын матрица арқылы анықталады (10-кесте).

9-кесте

Кілтті есептеуге арналған S_i ығысу кестесі

Итерация нөмірі	S_i солға ығысу саны (бит)	Итерация нөмірі	S_i солға ығысу саны (бит)
1	1	9	1
2	1	10	2
3	2	11	2
4	2	12	2
5	2	13	2
6	2	14	2
7	2	15	2
8	2	16	1

10-кесте

Кілтті өңдеуді аяқтайтын Н-Функциясы
(2-ші орын ауыстырып іріктеу)

14	17	11	24	1	5
3	28	15	6	21	10
23	19	12	4	26	8
16	7	27	20	13	2
41	52	31	37	47	55
30	40	51	45	33	48
44	49	39	56	34	53
46	42	50	36	29	32

10-кестеде көрсетілгендей, K_i кілтінің 1-ші биті болып C_iD_i тізбегінің 14-ші биті, екінші - 17-ші бит, K_i кілтінің 47 биті болып C_iD_i -дің 29 биті, ал 48-шісі болып - 32 биті табылады.

5.2 DES алгоритм жұмысының негізгі режимдері

DES алгоритмі деректерді шифрлеуге де аутентификация жүргізуге де жарайды. Әртүрлі криптографиялық есептерді шығаруда DES алгоритмін пайдалану үшін 4 жұмыс режимі жасалған:

1. ECB (Electronic Code Book) электрондық кодалық кітап;
2. CBC (Cipher Block Chaining) шифр блоктарын тіркемі;
3. CFB (Cipher Feed Back) шифрмәтін бойынша кері байланыс;
4. OFB (Output Feed Back) шығыс бойынша байланыс.

“Электрондық кодалы кітап” режимі

ұзын файлды әрқайсысы 8 байттан 64 биттік бөліктерге (блоктарға) бөледі. Әр блокты бір-біріне тәуелсіз түрде шифрлаудың бір ғана кілтін пайдалана отырып шиФрлайды (3.5 сурет). Негізгі жетістігі - іске асыру қарапайымдылығы, кемшілігі – криптоталдау кезінде тұрақтылығы төмен. Блок ұзындығы 64 битпен шектелген шифрлаудың бекітілген сипатына байланысты “сөздікпен” криптоталдау жасау мүмкіндігі бар. Осындай өлшемдегі блок хабарламада қайталанып тұруы мүмкін. Бұл хабарламадағы ашық мәтіннің ұқсас блоктары шифр-мәтіннің ұқсас блоктарымен беріледі деген сөз. Ол криптоаналитикке хабарлама мазмұны жөнінен мәлімет беруі мүмкін.



5.2 сурет. Электрондық кодалық кітап режиміндегі DES алгоритмінің сұлбасы.

“Шифр блоктарының тіркемі” режимі

Бұл режимде бастапқы M файлы 64 биттік блоктарға бөлінеді: $M=M_1M_2…M_n$. M_1 блогы модуль 2 бойынша 64 биттік бастапқы IV-векторымен қосылады. Бастапқы вектор күнде өзгеріп отырады және құпия сақталынады (3.6 сурет). Алынған қосынды DES кілтін пайдалану арқылы шифрланады. Ол кілт ақпарат жіберуші және қабылдап алушыға ғана белгілі болады. Алынған 64 биттік C_1 шифры модуль 2 бойынша мәтіннің 2-ші блогымен қосылады, нәтиже шифрланады және 64 биттік C_2 - шифры алынады ж.т.б.с.с. Процедура мәтіннің барлық блоктары өңделіп болғанша қайталана береді.



5.3 сурет. Шифр блоктарын тіркемі режиміндегі DES алгоритмінің сұлбасы.

Осылайша, барлық i -1…n үшін (n-блоктар саны) C_i шифрлау нәтижесі анықталады: $C_i=DES(M_i \oplus C_{i-1})$, мұндағы $C_0=IV$ – шифрдың бастапқы мәні, ол бастапқы векторға тең (инициализация векторы).

Әрине шифрмәтіннің соңғы 64-биттік блогы құпия кілттің, бастапқы вектордың және оның ұзындығына байланысты емес ашық мәтіннің әр биттің функциясы болып табылады. ШиФрмәтіннің бұл блогы хабарлаудың аутентификация кодасы(ХАК) деп аталады (КАС код аутентификации сообщения).

ХАК кодасын ақпаратты қабылдап алатын құпия кілтті және бастапқы векторды білетін адам еркін тексере алады. Ол ақпаратты жіберуші адам жасаған процедураны қайталайды. Бөтен адам, әрине КАС генерациясын жасай алмайды.

Бұл режимнің жақсы жағына ол хабарларды беру кезінде қателердің жинақталуына жол бермеуін жатқызуға болады.

M_i блогы C_{i-1} және C_i–нің функциясы болып табылады. Сондықтан хабарларды жібергендегі қателер тек бастапқы мәтіннің 2 блогындағы ғана ақпаратты жоғалту қауіпін туғызады.

Мәліметтерд Ресей стандарт арқылы шарт белгілеу

Бұл стандарт криптографиялық талаптарға сай жасалған және қорғалатын ақпарат құпиялығының дәрежесіне ешқандай шектеу қоймайды. Деректерді шифрлау алгоритмі - 256 биттік кілті бар 64 биттік блокты алгоритм.

Мынадай шартты белгілер пайдаланылады:

- L және R-биттер тізбектері;
- LR - L және R тізбектерінің конкатенциясы, мұнда R тізбегінің биттері L тізбегінің биттерінен соң жүріп отырады;
- $\oplus$ - модулі 2 бойынша әр биттердің өзара қосу операциясы;
- [+] - 2^{32} модулі бойынша екі 32 разрядты екілік сандарды қосу операциясы;
- [+]’ - $(2^{32}-1)$ модулі бойынша екі 32 разрядттық екілік сандарды қосу операциясы.

Екі бүтін $\boldsymbol{a}$ және $\boldsymbol{b}$ сандары $0 \le \boldsymbol{a}, \boldsymbol{b} \le 2^{32}-1$, яғни $a=(a_{32}a_{31} \dots a_2 a_1)$ және $b=(b_{32}b_{31} \dots b_2b_1)$ екілік түрде берілсін дейік:

$$a=a_{32}2^{31}+a_{31}2^{30}+ \dots +a_2 2^1 +a_1,$$

$$b=b_{32}2^{31}+b_{31}2^{30}+ \dots +b_2 2^1 +b_1.$$

бұл екілік сандар 2^{32} модулі бойынша ([+] операциясы) келесі ережеге сәйкес қосылады:

$a[+]b=a+b$, егер $a+b<2^{32}$ болса,

$a[+]b=a+b-2^{32}$, егер $a+b \ge 2^{32}$ болса,

ал $2^{32}-1$ модулі бойынша (операция [+]’) келесі ережеге сәйкес қосылады:

$a[+]’b=a+b$, егер $a+b<2^{32}-1$,

$a[+]’b=a+b-(2^{32}-1)$, егер $a+b \ge 2^{32}-1$

Алгоритмде төрт жұмыс режімі қарастырылған:

- қарапайым ауыстыру режімінде деректерді шифрлау;

- гаммалау режімінде деректерді шифрлау;
- кері байланысы бар гаммалау режімінде деректерді шифрлау;
- имитовставканы жасау.

Қарапайым ауыстыру режімі

Қарапайым ауыстыру режімінде деректерді шифрлау алгоритмін іске асыру үшін жалпы криптожүйе блоктарының бір бөлігі ғана пайдаланылады (16-сурет). Сұлбадағы шартты белгілер:

- N_1, N_2 - 32 разрядтық жинағыштар;
- $СМ_1$ - 2^{32} модулі бойынша 32 разрядтық қосындылағыш ([+]);
- $СМ_2$ - 2 модулі бойынша 32 разрядтық қосындылағыш ($\oplus$);
- R - циклдік ығысудың 32 разрядттық регистрі;
- КЗУ - 256 биттік кілттік жадтайтын құрылғысы ол X_0, X_1, X_2, … X_7 32 разрядттық 8-жинағыштан тұрады;
- S - (S_1, S_2, S_3, …, S_7, S_8) 8 ауыстыру торабынан (узел) тұратын (S - ауыстыру блогы) ауыстыру блогы.

Ашық деректерді қарапайым ауыстыру режімінде шифрлау**.** Шифрлауға жататын ашық деректерді T_o деген 64-разрядтық блоктарға бөледі. T_o блоктарды шифрлау процедурасы 32 циклдан тұрады (i=1…32). Кілттік жаттайтын құрылғысына К кілтінің 256 битін, сегіз 32 разрядттық K_i кілтшілері түрінде енгізеді:

$$К=К_7 К_6 К_5 К_4 К_3 К_2 К_1 К_0$$

блогының биттер тізбегін:

$T_o = (a_1(0), a_2(0), …, a_{31}(0), a_{32}(0), b_1(0), b_2(0), …, b_{31}(0), b_{32}(0))$

32-биттік екі тізбекке бөледі: b(0) a(0), мұндағы b(0) сол немесе үлкен биттер, a(0) оң немесе кіші биттер.

бұл тізбектерді a(0) -> N_1 және b(0) -> N_2 жинақтағыштарына шифрлаудың бірінші циклының басында енгізеді.

64 разрядтты блогы бар ашық деректерді шифрлау процедурасының j цикл нөміріне байланысты келесі теңдеу арқылы жазуға болады.

$$\begin{cases} a(j) = f\,(a(j-1)[+]\,K_{j-1(mod8)}) \oplus b(j-1) \\ b(j) = a(j-1) \end{cases} \quad j=1, …, 24 \text{ болғанда}$$

$$\begin{cases} a(j) = f\,(a(j-1)[+]\,K_{32-j}) \oplus b(j-1) \\ b(j) = a(j-1) \end{cases} \quad j=25, …, 31 \text{ болғанда}$$

$$\begin{cases} a(32) = a(31) \\ b(32) = f\,(a(31)[+]\,K_0) \oplus b(31) \end{cases} \quad j=32 \text{ болғанда}$$

Мұнда:

- a(j)=(a_{32}(j), a_{31}(j), …, a_1(j) j циклы шифрлауынан соңғы N_1 жинақтағышы;
- b(j)=b_{32}(j), b_{31}(j), …, b_{31}(j) j-ші циклы шифрлауынан соңғы N_2 жинақтағышы, j=1, …, 32;
- $T_ш$ - шифрланған деректер блогы (64 разряд) N_1 және N_2 жинақтағыштарынан келесі тәртіппен шығарылады, алдымен N_1 жинақтағышының 1, …, 32 разрядтарынан, сосын N_2 жинақтағышының 1, …, 32 разрядтарынан, яғни кіші разрядтардан бастап

$T_ш$ = (a_1(32), a_2(32), …, a_{32}(32), b_1(32), b_2(32), …, b_{32}(32)).

f - шифрлау функциясы.

f-функциясының аргументі болып 2^{32} модулі бойынша алынған a(j) санымен K_j санының қосындысы табылады.

K_j – X_j КЖҚ жинақтағышынан оқылған ішкілті (subkey). бұндағы әрбір сан 32 битке тең.

f-функциясында алынатын 32 разрядтық қосындыға екі операция жасалады (a(j)[+]K_j).

бірінші операция *ауыстыру* деп аталады да, S ауыстыру блогы арқылы орындалады. S ауыстыру блогы сегіз ауыстыру торабынан тұрады (S ауыстыру блогы) S_1, S_2, …, S_8 оның әрбіреуінің жады көлемі 64 бит. $СМ_1$-дан S ауыстыру блогына түсетін 32 разрядтық векторды сегіз тізбектелген 4 разрядтық векторларға бөледі. Олардың әрқайсысы өздеріне сәйкес ауыстыру торабы бар төрт разрядтық векторға түрленеді. Әр ауыстыру торабының диапазоны 0000…1111 болып келетін оналты төрт разрядты екілік сандардың орын ауыстыру-кестесі түрінде көрсетуге болады. Кіру векторы кестедегі қатар (жол) адресін көрсетеді. Ал бұл жолдағы сан шығу векторы болып табылады. Содан соң төрт разрядттық шығу векторлары бірінен соң бірі 32 разрядты векторға бірігеді. Ауыстыру түйіндері (ауыстыру-кестесі) есебінде, ҮЕМ-дер торабы үшін жалпы болып табылып өте сирек өзгеретін кілттік үлементтері жүреді. бұл ауыстыру түйіндері өте құпия сақталады.

Екінші операция S ауыстыру блогының шығуынан алынған 32-разрядтық векторды, циклдік солға (11 разрядқа) ығыстыру. Циклдік ығыстыру R-ығыстыру регистрі арқылы орындалады. Одан соң f шифрлау функциясының нәтижесімен N_2-жинақтағышының 32 разрядтық бастапқы b(j) толтырылуы $СМ_2$ қосындылауышта әр разрядты өзара 2 модулі бойынша қосуды жүргізеді.

Қосындыда N_2 жинақтағышының 32 разрядтық бастапқы b(j) толтырылуы болады. Содан соң $СМ_2$ шығуына алынған нәтиже N_1 жинақтағышына жазылады, ал N_1-нің ескі мәні N_2 жинақтағышына көшіріліп жазылады (b(j) = a(j-1)).

32 цикл өткенше шифрлауда КЖҚ–дағы кілтшелерді таңдау мына тәртіпте жүреді:

K_0, K_1, K_2, K_3, K_4, K_5, K_6, K_7, K_0, K_1, K_2, K_3, K_4, K_5, K_6, K_7

K_0, K_1, K_2, K_3, K_4, K_5, K_6, K_7, K_7, K_6, K_5, K_4, K_3, K_2, K_1, K_0

32 циклда $СМ_2$ қосындылауыштағы нәтиже N_2 жинақтағышына еңгізіледі де, ал N_1 жинақтағышында бұрынғы толтырылым сақталады. Шифрлаудың 32 цикл нәтижесінде алынған N_1 мен N_2 жинақтағыштардың толтырулар ($Т_о$ ашық деректер блогына сәйкес келетің) шифрланған деректер блогы $Т_ш$ болып табылады.

Қарапайым ауыстыру режимінде шифрды ашу. Қарапайым ауыстыру режимінде - шифрды ашудың алгоритмі 16 суретегі сұлба бойынша орындалады. КЖҚ-ға шифрлау кезінде пайдаланған кілттің 256 биті енгізіледі. Шифрды ашуға дайындалған деректерді әр біреуінде 64 биттер бар $Т_ш$ - деген блоктарға бөлінеді.

Кез келген $Т_ш$ - блогын

$$Т_ш = (a_1(32), a_2(32), \ldots, a_{32}(32), b_1(32), b_2(32), \ldots, b_{32}(32))$$

$a(j) \to N_1$, $b(j) \to N_2$ болатындай етіп енгізеді.

Шифрды ашу шифрлау алгоритміндей жасалады. Тек оның айырмашылығы $X_0, X_1, \ldots, X_7$ жинақтағыштарынын толтыруда КЖҚ-дан шифрды ашу циклы бойынша келесі тәртіппен оқылады:

$$К_0, К_1, К_2, К_3, К_4, К_5, К_6, К_7, К_7, К_6, К_5, К_4, К_3, К_2, К_1, К_0,$$
$$К_7, К_6, К_5, К_4, К_3, К_2, К_1, К_0, К_7, К_6, К_5, К_4, К_3, К_2, К_1, К_0.$$

Шифрды ашу тендеуінің түрі мынадай болады:

$$\begin{cases} a(32-j) = f\,(a(32-j+1)[+]\,K_{j-1}) \oplus b(32-j+1) \\ b(32-j) = a(32-j+1) \end{cases} \quad j=1,\ldots, 8 \text{ болғанда}$$

$$\begin{cases} a(32-j) = f\,(a(32-j+1)[+]\,K_{32-j(\mathrm{mod}8)}) \oplus b(32-j+1) \\ b(32-j) = a(32-j+1) \end{cases} \quad j=9, \ldots, 31 \text{ болғанда}$$

$$\begin{cases} a(0) = a(1) \\ b(0) = f(a(1)[+]\,K_0) \oplus b(1) \end{cases} \quad j=32 \text{ болғанда}$$

N_1 және N_2 жинақтағыштары 32 цикл жұмыс бойынша ашық деректер бар блок пайда болады:

$$Т_о = (a_1(0), a_2(0), \ldots, a_{32}(0), b_1(0), b_2(0), \ldots, b_{32}(0)),$$

ол шифрланған $Т_ш$ деректер блогына сәйкес келеді.

Егер 64 биті бар $Т_о$ блокты қарапайым ауыстыру режімінде шифрлау алгоритмін А арқылы белгілесек, онда

$$A(Т_о) = A(a(0), b(0)) = (a(32), b(32)) = Т_ш.$$

Қарапайым ауыстыру режімін деректерді шифрлау үшін шектелген жағдайда ғана қолдану, мысалы кілт жасағанда, яғни кілтті байланыс арналары бойынша беру немесе оны ҮЕМ жадында сақтауда, оның қорғанысын қамтамасыз етуде ғана қолдану тиімді болады.

Бақылау сұрақтар:

1. Симмертиялық алгоритмдер дегеніміз не?
2. Симметриялық алгоритмнің бөлімдерін атап беріңіз?
3. Олардың атқаратың қызметтері?.
4. Толласыз мәліметтерді шифрлеу дегеніміз не?.
5. Шифрді ауыстырып қою дегеніміз не? Ол не үшін қажет?
6. DES алгоритмінде қандай шартты белгілер қолданылады?
7. Алгоритмнің негізгі артықшылықтары қандай?
8. Шифрлау функциясы қалай орындалады?

Пайдаланылатын әдебиет: [1]-20-25 б. [2] – 82- 102 б.

Дәріс №7. Тақырыбы: Кілттерді ашық түрде тарату жүйесі

Жоспар:

1. **Кілттерді ашық түрде тарату жүйесі**
2. **Шифрлеу**

Мақсаты: Кілттерді ашық түрде тарату жүйесімен таныстыру
Кілттік сөздер: ассиметрия, RSA, шифр, дешифр

1. Кілттерді ашық түрде тарату жүйесі

Кілттерді ашық түрде тарату жүйесің (асимметриялық шифрлер) ашық кілт барлық адамдарға қол жеткілікті болу үшін қоланады. Бұл кез келген адамға шифрді шешіп алу мүмкіндігін береді. Бырақ бұл хабарды тек керек адамғана шешіп алалады (шешіп алатың кілтті білетін ғана адам). Шифрлеу кілтті ашық кілт еп атайды, шешіп алу кілтті – жабық немесе құпия кілт деп атайды.

RSA – ашық кілттін криптографиялық жүйесі. Криптожүйе RSA 1977 жылы шығарылған және оны ойлап шығарушылардың атымен аталған Ronald Rivest, Adi Shamir и Leonard Adleman.
RSA алгоритмі келесі әдіспен жұмыс істейді: Екі қарапайым үлкен сандар алынып, p және q, олардың көбейтіндісі есептеледі n = p*q; n – модуль деп атайды. Сан қарапайым болады, егер ол 1-ге немесе өз өзіне бөлінсе. Содан кейін e саны таңдалады, мына шартты қанағаттайтын 1< e < (p - 1)*(q - 1) және ортақ бөлгіш саны жоқ (p - 1)*(q - 1) (өзара жай сан), 1-ден басқа. Содан кейін d саны есептеледі, осылайша (e*d - 1) мынаған (p - 1)*(q – 1) бөлінеді.

- (n; e) – ашық (public) кілт
- (n; d). – жабық (private) кілт.

Егер де көбейткіштерге ажыратудың тиімді әдісі болғанда, онда p и q көбейткіштерден n ажыратып құпия кілтті алуға болады. Сондықтан, RSA криптожүйенің дәйектілігі тәжірибелік шешілмес есепке негізделеді.

2. Шифрлеу

Хабар жіберу үшін Жіберуші С шифрланған мәтінің құрады да, М хабарың n: $C = M^e \pmod n$ модуль дәрежесіне шығарады, мұндағы е және n – Алушының ашық (public) кілті. Содан кейін Жіберуші С (шифрланған мәтінді)Алушыға жібереді. Алған мәтінді шешіп алу үшін Алушы С мәтінің d дәрежесі бойынша n: $M = C^d \pmod n$ модуліне ауыстырады; мұндағы е және d Алушының М есептеу үшін қажет.Алушы d мәнің қойған кезде ол оның алынған хабардың шешуіне әкеледі.

Мысалы: p=7; q=17 екі жай сан аламыз /тәжірибеде ол сандар бір неше рет үлкен болуы мүмкін/. Бұл жағдайда n = p*q 119 тең. Енді е таңдаймыз, мұндағы e=5. Келесі орындайтың қадамымыз d санының табу, мұндағы $d*e=1 \bmod [(p-1)(q-1)]$. d=77 (Эвклидтың кенейтілген алгоритмі қолданған). d – құпия кілт, ал е және n ашу кілтін мінездейді. Егер бізге берілген мәтінді шифрлеу M=19 түрінде берілсе,ол $C = M^e \bmod n$. Онда C=66 шифрленген мәтін аламыз. Бұл «мәтінді» керекті адресаттқа жіберуге болады. Алушы алынған хабарды $M= C^d \bmod n$ және C=66 дисшифрлаторларың қолданады, сонда қорытындысы M=19

RSA криптожүйесі көптеген салалармен өнімдерде қолданылады. RSA BSAFE шифрлеу технологиясымен әлемнің 500 миллион қолданушылары қолданып келеді. Өткені көп жағдайда RSA алгоритмі қолдана отырып оның көп таратылған криптожүйелерінің ашық кілтін Internet жүйесінде қолданған ыңғайлы.

RSA –тың бұзу әдістері бар. Ең тиімді жолы: жеке кілтті (private) табу, қажетті ашық (public) кілтке сәйкес келетін. Бұл шабуылшыға хабарды оқуға және қолды қолдан жасауға мүмкіндік береді. Мұндай шабуылды ортақ модульды n – p және q негізгі көбейткішін табу арқылы жүзеге асырады. p, q және e (ортақ көрсеткіш) негізінде, шабуылшы d көрсеткішті онай таба алады. Негізгі қиыншылық - n қажетті көбейткішті іздеу (факторинг); RSA қауыпсіздігі көбейткіштердің ажыратуына байланысты.

RSA алгоритмінде кілттің көлемі n модуль көлеміне байланысты. p және q екі санының туындысы модуль болатын, ұзындығы шамалы бірдей болуы керек. Мұндай жағдайда көбейтіндісін табу қиындыққа соқпайды.

RSA криптожүйесі көптеген өнімдерде, әр түрлі платформаларда, көптеген салаларда қолданылады. Сонымен қатар оны Microsoft, Apple, Sun және Novell операциялық жүйелерде қолданады.

RSAкриптожүйе – көптеген стандарт бөлімдеріне жатады. Қазіргі уақытта көптеген өнделіп жатқан стандарттар не болмаса RSA алгоритмін немесе RSA криптожүйесін ұсынады.

Бақылау сұрақтары:

1. Кілттерді ашық түрде тарату жүйесі
2. RSA криптожүйесі дегеніміз не?
3. RSA криптожүйесі қай жылы шығарылған?
4. Шифрлеу дегеніміз не?

5. RSA криптожүйесі стандарт бөлімдеріне жатама?

Пайдаланылатын әдебиет: [1], 13-15 бет.

Дәріс №8. Тақырыбы: Дискреттік экспоненттер негізінде Диффи-Хеллман жүйесі

Жоспар: Диффи-Хеллман жүйесі

Мақсаты: Дискреттік экспоненттер негізінде Диффи-Хеллман жүйесімен таныстыру

Кілттік сөздер: mod, код, Диффи, Эйлер,

1976 жылы Диффи және Хеллман статья шығарды, онда екі кілттік крипография ашылғаны туралы жазылды Онда тәжірибелі табанды құпиялық жүйе құрылымының мүмкіншілігі бар, сондықтан құпия кілтті жіберу қажет емес.

Диффи-Хеллман жүйесін қолдануына мысал.

А абонентпен В абонент бір біріне шифрланған ақпарат ашық кілтімен жіберді Әр абонент екі үлкен қарапайым сан таңдайды, олардың көбейтіндісін анықтайды және кездесоқ бір сан тандайды

АБОНЕНТ А	**АБОНЕНТ В**
1. p және q екі қарапайым сан тандау.	
p=7	p=11
q=13	q=23
2. Көбейтіндісін есептейді. r=p*q	
r=7*13=91	r=11*23=253
3. Эйлера функциясының есептейді j(r)=r-p-q+1. Эйлер функциясы – арифметикалық функция j(r), оның мәніоң сандарға тең, r аса басым түспейтін және r өз ара қарапайым .	
j(r)=91-7-13+1=72	j(r)=253-11-23+1=220
4. s кездесоқ санды тандау, j(r) өз ара қарапайым 0<s< j(r) интервалдан	
s=5	s=31
5. t құпия кілтті есептеу s*t mod j(r) = 1 ара қатынасынаң	
5*t mod j(r)=1	31*t mod j(r)=1
t=29	t=71
6. Ашық кілтті жариялау	
s=5, r=91	s=31, r=253

А абоненті В абонентке хабарды жібергісі келді деп ойлайық. Біріншіден орын алмасу әдісімен әр символды сонмен ауыстырайық.

Мәтін: Д Е П О З И Т

Коды: 5 6 16 15 8 9 19

А абоненті В абонентіне формула бойынша ашық кілтті қолданып хабарды шифрлайды.

$C=M^s \bmod r$

$C(1)=5^{31} \bmod 253 = 126$

$C(2)=6^{31} \bmod 253 = 39$

$C(3)=16^{31} \bmod 253 = 192$

$C(4)=15^{31} \bmod 253 = 37$

$C(5)=8^{31} \bmod 253 = 239$

$C(6)=9^{31} \bmod 253 = 163$

$C(7)=19^{31} \bmod 253 = 217$

Шыққан сандар: 126 39 192 37 239 163 217, ДЕПОЗИТ мәтіннің шифрі болады. В абоненті шифрограмманы қабылдап өз құпия кілтін қолданады, және хабарды формула бойынша шешеді: $M=C^t \bmod r$

$M(1)=126^{71} \bmod 253 = 5$

$M(2)=39^{71} \bmod 253 = 6$

$M(3)=192^{71} \bmod 253 = 16$

$M(4)=37^{71} \bmod 253 = 15$

$M(5)=239^{71} \bmod 253 = 8$

$M(6)=163^{71} \bmod 253 = 9$

$M(7)=217^{71} \bmod 253 = 19$

Шифрден шешіп алу нәтежесінде сандар шығады 5 6 16 15 8 9 19, ДЕПОЗИТ мәтініне сәйкес келеді кодтық кесте бойынша.

Осы жүйенің басқа ашық кілтімен криптожүйелерден қарағанда бір мүмкіншілігі, ол құпия кілттін жабық каналдардаң беріп жібермеуі. Хабарды басқа абонент беріп жібермегеніне көз жеткізгісі келсе , онда аутенфикация жасау қажет, яғни құжаттың жіберілген авторлық дәлелдігі. Мұнда электрондық қол қою қолданылады.

Бұл әдістін мағынасы, ол хабар тек ашық кілтпен ғана шифрленіп жіберілмейді онда хабар жіберуші абоненттін өз құпия кілті болады.

Мысал келтірейік. Абонент В негізгі мәтін жібергісі келді дейік.

Д И С К

Рассмотрим пример.

5 9 18 11

Ең бірінші абонент А ашық кілтін пайдаланып хабарды шифрлейді.

$C(1) = 5^5 \bmod 91 = 31$

$C(2) = 9^5 \bmod 91 = 81$

$C(3) = 18^5 \bmod 91 = 44$

$C(4) = 11^5 \bmod 91 = 72$

Содан соң абонент В осы хабарды қайта өз құпия кілтімен мына формуланы қолданып шифрлейді: $N=C^t \bmod r$

$N(1)=31^{71} \bmod 253=108$

$N(2)=81^{71} \bmod 253=202$

$N(3)=44^{71} \bmod 253=198$

$N(4)=72^{71} \bmod 253=105$

Шифрограмма 108 202 198 105 абонент А жіберіледі.

Абонент А, Құпия хабарды алған соң ең бірінші абонент В ашық кілтін қолданып шешеді.

$C=N^s \bmod r$

$C(1) = 108^{31} \bmod 253 = 31$

$C(2) = 202^{31} \bmod 253 =81$

$C(3) = 198^{31} \bmod 253 =44$

$C(4) = 105^{31} \bmod 253 =72$

Содан соң абонент А өз ашық кілтін қолданып негізгі мәтінді шығарады.

$M(1)=31^{29}$ MOD 91 = 5

$M(2)=81^{29}$ MOD 91 =9

$M(3)=44^{29}$ MOD 91 =18

$M(4)=72^{29}$ MOD 91 =11

Электрондық қол қоюды қолданған кезде ешкім абонент А-ға абонент В-дан хабар жібере алмайды, өйткені абонент В-ға тек белгілі құпия кілтті ғана қолдану керек.

Бекіту сұрақтары:

1. Кілттерді ашық түрде тарату жүйесі дегеніміз не?**.**
2. Шифрлеу қажеттілігі.
3. RSA криптожүйе дегеніміз не?
4. RSAкриптожүйесін бұзу жолдары.

Пайдаланылатын әдебиет: [2], 35-166 бет.

Дәріс №9. Тақырыбы: Ақпараттың нақтылығы

Жоспар:

1. Ақпараттың нақтылығы
2. Жіберушінің іс әрекеті
3. Қабылдаушының әрекеті
4. Парольдау.
5. Көшірме алу.
6. Архивтау.
7. Шифрлау.
8. Ішкі аудит.
9.

Мақсаты: Ақпараттың нақтылығымен таныстыру

Кілттік сөздер: Пароль, кілттік фраза, Конфиденциал

1. Ақпараттың нақтылығы

Цифрлік қол қою (digital signature) – ол хабардағы ақпараттың толықтығын тексеру және жіберушінің нақтылығын тексеру әдісі. Ассиметриялық шрифтерді қолданып, өз қолың және жүп кілттерін қолданып жүзеге асырылады.

Жіберуші хабарға қол қойып, кілтпен шифрлеп хатпен бірге жібереді. Қабылдаушы хабарды алып, ашық кілтпен оны шешеді. Сонымен қатар қабылдаушы алған хабардан цифрлық қолды есептеп, шифрден шешіп алғандағымен салыстырады. Егер нәтежесінде екеуі бірдей болса, онда қол нақты дегенді білдіреді. Әйтпегенде, не хабардағы ақпарат өзгертілген, не қолы өтірік қойылған.

Мысалы, Алиса Бобқа хабар жібермекші дейік. Сонымен қатар, Боб хабарды біреу оқып қоймағаны және де шындығында Алисадан екендігіне сенімді болу керек. Ол үшін Алиса цифрлық қол S құрастырады, M санды d дәрежеге келтіріп және n модуліне көбейтіп өзінің жеке кілтін құрады.:
$S = M^d (\mathrm{mod}\ n)$, мұнда d және n – Алисаныңжеке кілті. Ол Бобқа M және S жібереді.
Боб қолды тексеру үшін S –ты e дәрежеге келтіреді және n модуліне көбейтеді:
$M = S^e (\mathrm{mod}\ n)$, мұнда e және n – Алисаның ашық (public) кілті.
Сондықтан, шифрлеу және хабардың авторлық нақтылығын тексеру үшін құпия (private) кілттердің жіберуі қажет емес: корреспонденттін екеуіде тек ашық (public) кілтті немесе жеке өз (private) кілтін қолданады.

Ақпаратты жіберген кезде бірге немесе бөлек болу керек:
1. Конфиденциалдық (privacy) – жаугер жіберілетін хабардың мазмұның білмеу керек.
2. Нақтылығы (authenticity), ол екі мағынаны білдіреді
- тұтастық (integrity) – хабар кездесоқ немесе әди өзгерістерден қорғалған болу керек;
- жіберушінің идентификациясы (авторлықты тексеру) – қабылдаушы хабар кімнен жіберілгенін тексеру мүмкіндігі болу керек.

Шифрлеу конфиденциялдықты қамтамасыз ете алады, ал кейбір жүйелерде тұтастықты.

Хабардың тұтастылығы бақлау функциялар арқылы тексеріледі (check function) Хабардан – үзындығы үлкен емес белгілі бір сан. Осы бақылау функциясы хабардың кішкентай бір өзгерістерінде де жоғарғы ықтималымен өзгерілу керек (ақпараттың жою, енгізу, орын алмасу немесе қайта ретке келтіру кезінде). Бақылау функциясын әр түрлі атайды және тандайды:
- хабардың нақты коды (Message Authentical Code, MAC);
- бақылау суммасы;
- хеш-функциясы (hash);
- **ГОСТ 28147-89-қа имитоенгізгіш;**

Мысалы:

Жіберушінің ашық және құпия кілттері мыналар:
e=3, d=7, n=33

Қабылдаушының ашық және құпия кілттері мыналар:
e=5, d=17, n=21

2. ЖІБЕРУШІНІҢ ІС ӘРЕКЕТІ

Хабарды жіберу үшін Жіберуші негізгі мәтінді келесі формуламен шифрлейді $C=M^e \bmod n$, мұнда e және n – Қабылдаушының жүп ашық кілттері. Негізгі мәтінді алайық ЗВЕЗДА, кодтық кесте арқылы әріптерді санға аударайық 8 3 6 8 5 1

Қабылдаушының ашық кілті арқылы шифрлейміз:
$C(1)=8^5 \bmod 21=8$ - З
$C(2)=3^5 \bmod 21=12$ - Л
$C(3)=6^5 \bmod 21=6$ - У
$C(4)=8^5 \bmod 21=8$ - З
$C(5)=5^5 \bmod 21=17$ - Р
$C(6)=1^5 \bmod 21=1$ – А

Енді Жіберуші хабарға қолын қояды, цифрлық қолды S-деп формуламен құрады. $S=M^d \bmod$, мұнда d және n –Жіберушінің жүп құпия кілттері
$S(1)=8^7 \bmod 33 = 2$ - Б
$S(2)=3^7 \bmod 33 = 9$ - И
$S(3)=6^7 \bmod 33 = 30$ - Э
$S(4)=8^7 \bmod 33 = 2$ – Б
$S(5)=5^7 \bmod 33 =14$ - Н
$S(6)=1^7 \bmod 33 = 1$ - А

Жіберуші Қабылдаушыға қол қойылған шифрмәтінді жібереді:
ШИФРМӘТІН: 8 12 6 8 17 1
Цифрлық қолы: 2 9 30 2 14 1

3. Қабылдаушының әрекеті

Ең біріншіден Қабылдаушы хабарды формуламен шешеді $M=C^d \bmod n$, мұнда d және n – Жіберушінің құпия кілті
$M(1)=8^{17} \bmod 21 = 8$ - З
$M(2)=12^{17} \bmod 21 = 3$ – В
$M(3)=6^{17} \bmod 21 = 6$ – Е
$M(4)=8^{17} \bmod 21 =8$ – З
$M(5)=17^{17} \bmod 21 = 5$ – Д
$M(6)=1^{17} \bmod 21 =1$ – А

Одан негізгі мәтін шығады. Енді хабардың нақтылығын анықтау қажет. Ол үшін цифрлық қолды мына формуламен есептейді:
$M=S^e \bmod n$, мұнда e және n – Жіберушінің ашық жүп кілттері
$M(1) = 2^3 \bmod 33 = 8$ – З
$M(2) = 9^3 \bmod 33 =3$ – В
$M(3) = 30^3 \bmod 33 =6$ – Е

$M(4) = 2^3 \bmod 33 = 8 – З$
$M(5) = 14^3 \bmod 33 = 5 – Д$
$M(6) = 1^3 \bmod 33 = 1- А$

Нәтежесі бірдей болса, онда қолы нақты екен, бұл құжаттын өзгермегендігін және хабар автордікі екендігін білдіреді.

4. Парольдау.

Компьютерлік жүйенің кез келген түрін қорғау ең қарапайым және арзан жолы: пароль қолдану.

Парольдар, жүйеге кіру кілті болып қарастырылады, бірақ оларды басқа мақсаттарда да қолданылады: дискжетекте жазуды блокировкалау, деректерді шифрлау командаларында немесе файлдарды архивтан шығару — қолданушының программалық қамтамасыздандыру немесе заң түріндегі иесі арқылы әрекеттер жасалады.

Парольдар жеті негізгі тобтқа бөлінеді:

1) қолданушы қоятын парольдар;
2) жүйе генерациялайтын парольдар;
3) жүйе генерациялайтын кездесоқ қол жету коды;
4) жарты сөз;
5) кілттік фразалар;
6) интерактивтік кезек түрінде сұрақ — жауаб;
7) қатал парольдар .

Егер сіз біреуді жаулап алғыныз келсе, біріншіден біліп алу керек сол жүйеде осы жеті пароль түрінен қайсысы екенін. Біріншісі көп қолданбалы. Кездесоқ парольдер мен кодтар бірнеше түрден тұруы мүмкін. Жүйелік программалық қамтамасыздандыру толық кездесоқ қатар символдарды қолданыла алады— кездесоқ регистрларға дейін, цифр, пунктуаци жәнеүзындығы; немесе генерацияланған процедураларда шек ара қолдануы мүмкін. Мысалы, әр қолжетерлік коды алғашқы дайындалған шаблонмен сәйкестелген болады (oabc-12345-efghn, мұнда әріптермен сандарберілген позицияда кездесоқ түрде генерацияланады).

Жарты сөз көбінесе қолданушы арқылы құрылады, ал кейбірде — кейбір кездесоқ процесспен. Яғни, егер де қолданушы оңай табылатын пароль құрсада, мысалы «секрет», компьютер оны толықтырып қояды, сонымен ол күрделі парольға айналады «секрет,5гЫ 1».

Кілттік фразалар тиімділігі, ол үзынырақ және оны шешу өте қиынға түседі, бірақ оны жаттап алу оңай. Фразалар мағыналы болу — we were troubled by that немесе мағынасыз болу мүмкін — fished up our nose. Парольдың алтыншы түрі — интерактивтік кезек түрінде сұрақ — жауаб қолданушыға бірнеше сұрақтарға жауап беруды сұрайды: әйелініздің қыз кезіндегі фамилиясы? Сіздің жақсы көретін түсініз? Және т.б. Компьютерде осындай сұрақтардың бірнеше жауабтары сақталып тұрады. Қолданушы жүйеге кірер кезінде, компьютер жауаптарды салыстырып отырады. *Қатал парольдер,* көбінесе сыртқы электрондық немесе механикалық құрылыстарда— церберде қолданылады. Компьютер бірнеше шақыру вариантарды ұсынады, ал қолданушы оған жауап іздеу қажет.

5. Көшірме алу.

Ақпараттық жүйені эксплуатациялау кезінде ең негізі— деректердің толығымен бүтіндігін сақтау. Сондықтан резервтік көшірме алу жүйесі қолданылады. Сонымен қатар бүл жүйе корпоративтік деректер архивін жинап және қамтамасыз ете алады.

Резервтық көшірме алу сыртқы жетектерде ақпаратты сақтау мақсатында қолданылады , авария немесе ақпараттық жүйеде қателік кеткен жағдайда оны қажет етеді.

Желілік резервтық көшірме алу жүйесінің іске асыру үшін клиент-сервер технологиясының мүмкіншілігі:

- резервтық көшірмесін сақтау үшін бір құрылғыны қолдану мүмкіндігі;
- Ортақтарлыған жоспарланған жұмыс және оларды басқару;
- Резервтік көшірмені локалдық сақтау.

6. Архивтау.

Істеп қоиылған ақпараттарды көп мерзімге сақтап қою үшін архивтап тастайды. Көбінесе бұл ақпаратты қолданбайды, бірақ керек кезде әр қашанда алып шығыра алады. Ол процесті архивтан шығару деп атайды.

Барлық резервтық көшірме алу (архивтау) программаларын үш категорияға бөлуге болады.

1. операциялық жүйе құрылыма кіретін Алғашқы деңгейлі жүйе.
2. Қазіргі кезде нарықта ортанғы деңгейлі жүйе қолданылады.мысалы көбіне белгілі ол ARCservelT компаниясы Computer Associates, Backup Exec от Seagate Software және NetWorker компаниясы Legato Systems.
3. Жоғарғы деңгейлі жүйе, ол күрделі гетерогенды ортада қолданылады. Мысалы оған ADSM компаниясы IBM және OpenView OmniBack II от Hewlett-Packard жатады.

7. Шифрлау.

Шифрға ақпаратты жіберу кезінде қолданылатын атауы немесе шартты белгілеу жүйесінің коды жатпайды. Кодтау көбінесе жіберілген ақпараттың сапасы жоғарғы болу үшін қолданылады.

Криптография — Заңсыз қолданушылардан қорғау мақсатында ақпараттарды өзгерту(шифрлау) әдістері туралы ғылым

Стеганография — хабарды жіберу фактісін жасырындылық әдісімен құралдар жиыны.

Шифр — заңсыз қолданушылардаң қорғау мақсатында ақпараттарды өзгерту әдісі, амалы.

Ақпараттарды қорғау бойынша криптографиялық өзгерту екі мақсатты жетілдіру үшін арналған:

- Кілт жоқ адамдардан ақпаратты қол жетпейтіндей қамтамасыз ету;
- Бекітілмеген бұрмалануды табу сенімділігін қолдау.

Басқа ақпараттарды қорғау әдістерінен қарағанда классикалық криптография қорғауды тек мынадай жағдайларда кепіл болады:

- тиімді криптографиялық алгоритмді қолдану;
- кілттін құпиялығын және нақтылығын сақтау.

Криптология — екі тараудан тұратын ғылым: криптографиядан және криптоанализдан.

Криптоанализ — шифрлерді шешу әдістерімен амалдары туралы ғылым (және тәжірибеде оны қолдану).

5.Ішкі аудит.

Бұл ақпаратты қорғау элементі мекемелердің ішінде ақпаратты қорғау политикасын іске асыруына бағытталған. Ол келесі мәселелерді қарастырады.

Компьютерлік вирус — бұл өз көшірмесін құрайтын және оларды бірнеше объектілерге, локальдық ресурстарға, компьютерлік жүйелерге, желілерге және т.б. енгізе алатын программа. Сонымен қатар көшірмелері өз қабілеттерін жоғалтпай көбие береді.

Компьютерлік вирустар көп болғандықтан олар *классификацияны* қажет етеді. Вирустарды келесі нашындары бойынша классификациялауға болады:

- Қоршаған ортада;
- Қоршаған ортаны жұғу әдісі;
- Деструктивтік мүмкіншілігімен;
- Вирус алгоритмнің ерешелігімен.

Қоршаған орта бойынша вирустарды файлдық, жүклеулік, және макровирустар деп бөлуге болады.Файлдық вирустар орындалып жатқан файлдарға енеді (*.COM, *.EXE, *.SYS, *.BAT, *.DLL). Жүктелік — дисктың жүктелетін секторына (Boot-сектор) немесе жүйелік жүктелу винчестер секторында (Master Boot Record). Макровирустар жұмыс істеп жатқан кезде макрос деп аталатын жүйеге енеді (например, Word, Excel). Кейбір жағдайда бірігіп енуі мүмкін, мұндай вирустарда күрделі алгоритм і болады және оларды іздеп табу қиындыққа соғады.

Жұғу әдісі бойынша вирустар резиденттық және резиденттық емес болып бөлінеді. Резиденттық вирустар компьютердыңоперативтық жадында өзінің резиденттық бөлімін қалдырып кетеді, сосын әрі қарай теренірек енеді. Резиденттық вирустар жадта компьютер өшіп немесе қайта қосылғанға дейін белсенді болады.Ал резиденттық емес вирустар жадқа жұқпайды және шектелген уақытта ғана белсенді болады.

Деструктивті мүмкіншілігі бойынша вирустарды келесі түрлерге бөлуге болады:

- Зиянсыз, компьютердың жұмысына әсер етпейді, бірақ өзінің таралуына байланысты дисктін бос орының азайтады;
- қауыпсыз, дисктін бос орының азайтады сонымен қатар графикалық, дыбыстық және басқа эффектілеріне әсер етеді;
- қауыпты — жұмыс істеп жатқанда қателіктерге әкеп соғатын вирустар;
- өте қауыпты, программалардың жоюлуына әкеп соғатын; деректерді жою; компьютерге қажет ететін ақпараттарды жою, және т.б.

Алгоритм ерекшелігіне байланысты вирустарды келесі тобтарға бөлуге болады:

- компаньон-вирустар (companion) —COM кенейткіші бар;
- «құрт»-вирустар (worm) — компаньон-вирустар варианті;

- желілік (құрттар)
- «паразиттік»
- «студенттық»
- «стелс»-вирустар (көрінбейтін вирустар, stealth)
- «полиморфик»-вирустар (өз бетінше шифрлейтін немесе призрак-вирустар, polymorphic)
- «макровирустар»

Бақылау сұрақтар:

1. Цифрлық қол қою дегеніміз не?
2. ақпаратты жіберу кезінде не сақталу қажет?
3. ақпараттың нақтылығы дегеніміз не?
4. Жіберушінің іс әрекеті қандай?
5. Қабылданушының іс әрекеті қандай?
6. Компьютерлік жүйенің қорғау ең арзан әдісі не?
7. Ақпараттық жүйені эксплуатациялау кезінде қай есеп ең негізгі болып саналады? Ол немен қамтамасыз етеді?
8. Архивтау программасын қандай категорияларға болуге болады?
9. Стенография, Криптография, Шифр терминдеріне анықтама беріңіз.
10. компьютерлік вирус дегеніміз не?

Пайдаланылатын әдебиет: [2], 35-166 бет.

Дәріс №10. Тақырыбы: Аппаратты шифрлау

Жоспар:

1. Аппараттық шифрлау.
2. аппараттық шифраторлар құрылымы.
3. Шифропроцессорлар.
4. программдық интерфейстын жұмыс принциптері
5. Кілттік схемалар.
6. Электрондық үй.
7. техникалық іске асыру нұсқалары.
8. Техникалық сиппаттамалар.

Мақсаты: Аппаратты шифрлеуді үйрету. Аппараттық шифратордың құрылымымен таныстыру

Кілттік сөздер: Шифропроцессор, криптография, шифратор

Криптографичлық қорғау тәсілі бойынша көбінесе арнайы аппараттық құралдар түрінде іске асырылған. Бұл құралдар линия байланысына құрылып,

барлық берілетін мұндағы ақпараттарды шифрлейді. Аппараттық шифрлауды бағдарламада қолдануының бірнеше себебі бар.
Біріншіден, аппараттық шифрлеудін жылдамдығы өте үлкен. Криптографиялық алгоритмдер үлкен көлемді күрделі операциялардан тұрады,. Осы операцияларды шешу үшін қазіргі универсальды компьютерлер ынғайлы емес. Арнай құралдар оларды өте тез орындайды.

Екіншіден, аппаратураны сырттан тиіскендерден қорғау өте оңай. Ал компьютерде орындалған бағдарлама қорғансыз. Жау көрінбейтіндей қылып өзгерістер енгізе алады, криптографиялық алгоритмнің табандылығын төмендету үшін, оны ешкім байқамай қалуы мүмкін.Ал аппаратураны арнайы контейнерларға орналастырады, олардың функциялау схемасын өзгертуге мүмкіндік бермейді. Чиптін сыртынан химиялық құрамынан түратын арнайы қосқынды құяды, сонын нәтежесінде осы чиптін қорғау беттін жоямын деген кезде оның ішкі логикалық құрылымның өздігімен жойылады.

Үшіншіден, Шифрлеу аппараты орнатуы өте оңай. Көбінесе компьютерлік құрылғы артық болған кезде шифрлеуді қажет етеді. Телефондар, факсимальды аппараттар және модемдерді кішкене компьютерлерге кірістіргеннен аппараттық шифрлеумен жабдықтандыру өте арзан .
Компьютерлерде де арнайы шифрлеу құрылғысын орнатуы қиындық тудырмайды.

Қазірге нарықта ақпаратты шифрлеу аппаратық құрылғының үш түрін ұсынады — өздік жетерлік шифровальдық модулдер (олар кілттермен барлық жұмыстарды өздігімен орындайды), байланыс каналдарында шифрлеу блогі және ДК орнату үшін шифровальдық кенейткіш тақташасы.Бірінші және екінші типті құрылғыларды көбінесе тар мамандырылған, сондықтан оны сатып алған кезде оның мүмкіншілігін білу керек.

1.Аппараттық шифратордың құрылымы

ДК үшін аппараттық шифратор классикалық варианті –ДК аналық тақшасында PCI слоты енгізілген кенейтілу тақша. АНКАД фирмасы құрастырған КРИПТОН-9 криптографиялық деректерді қорғау құрылғысын (УКЗД) мысал ретінде құрылымымен аппараттын жұмыс принципін қарастырайық. (рис. 5.1).



Рис. 5.1. Шифратор КРИПТОН-9

Кәдімгі аппараттық шифратор келесі бөліктерден тұрады [28, 43]:

• *Басқару блогі /Блок управления/. Барлық шифрратордың жұмыс басқаруының негізгі модулі*. Көбінесе микроконтроллер базасында іске асырылады.

• *Шифропроцессор. Арнайы* микросхема немесе логиканы бағдарламалайтын микросхемаға (PLD – Programmable Logic Device) ұқсайды. Шифропроцессор кілт арқылы деректерді шифрлайды, шифропроцессорлар бірнеше болу мүмкін – бір бірін бақылау үшін. сур. 5.1 көрсетіліп тұрған КРИПТОН-9 бір шифропроцессордан тұрады PLD базасында.

- *Кездесоқ сандардың аппараттық датчигі.* Бұл статистикалық кездесоқ және молжаға болмайтын сигнал беретін әрі қарай цифрлық формаға өзгереді құрылғы.
- *PCI контроллері*. Компьютердің аналық тақшасымен шифратордың сәйкестігін басқаратын процесс.
- *Жадтын микросхемалары*. Микроконтроллердін программалық қамтамасыздандыруын сақтауоперация журналына деректер жазу және т.б. мақсаттар үшін энергобайланыссыз жад қажет етеді.
- *Жұмыс режимін ауыстырып қосқыш*. Көбінесе аппараттық шифраторлар шифрлау функцияларының орындалуын шектемейді, қолданушыға көптеген қосымша мүмкіншіліктерді қамтамасыз етеді.
- *Кілттік жетектерді қосуға арналған интерфейстер.* УКЗД-да шифрлеу кілтін тікелей енгізу қажет, сенімді қорғауды қамтамасыз ету үшін.


Рис. 5.2. Ридер смарт-карт SR-210

3. Шифропроцессорлар.

Шифропроцессордың құрылымы. Шифропроцессор бірнеше құрылым бірлігінен тұрады (сурет. 5.3) [28, 43]:

- *Есептеуіш* - регистрлер, сумматорлар, блоктар жиыны, бір бірімен деректер жіберу шина арқылы байланысқан. Криптографиялық әрекеттерді максимальді тез арада орындайды.
- *Басқару блогі.* Шын мәнінде бұл аппаратты реализацияланған программа, егер бір себептен программа өзгерсе, онда есептеуіш дұрыс жұмыс істемейді.

Рис. 5.3. Структура шифропроцессора

Сондықтан программа өз өзін тексеріп отыру қажет.

• Е*нгізу/шығару буфері* шифропроцессордың өнімділігін арттыру үшін қажет – деректердің бірінші болгі шифрлеп жатқанда, келесінікі жүктеліп жатады. Шығу кезінде дәл осылай қайталанады. Мұндай деректерді жіберу конвейерлігі шифрлау жылдамдығын көбейтеді.

Жылдамдығының сипаттамасы. Шифрлау жылдамдығы шифратор ең негізгі сипаттамасы болып келеді. Қазірғы кездегі УКЗД ДК орталық процессорын алаңдырмай деректерді шифрлейді.

Бір компьютерде бірнеше УКЗД болу мүмкін, мысалы, криптографикалық маршрутизаторда: желі арқылы жіберілген деректерді шифрлейді,ал екіншісі – қабылданғандарды шифрден шешіп алады.

Деректерді үздіксіз өндеу жылдамдығы - аппаратные шифраторларды бағалайтын ең негізгі параметр. Ол бір секундта мегабайтпен өлшенеді және шифрлау алгоритмнің күрделігіне байланысты. Ең онайы шифратордың жылдамдығын формула арқылы бағалаған:

$V=F*K/n$,

мұнда F – тактілік жиілік;

K – стандартты шифрлау болгінің размері;

n – жиілік саны.

4. Программдық интерфейстын жұмыс принциптері

Аппараттық шифраторларда негізгі екі жұмыс режимі бар:

Алғашқы жүктелу режимі. Компьютер енгізіліп жатқанда ДК-ден BIOS сұраныс жасаған жағдайда, шифратор басқаруды өз қолына алып оның жадында жатқан командаларды орындайды.

Орындалу операцияның режимі. Шифратор алғашқы жүктелу аяқталған соң ДК-ден шифрлау операциясының орындалуын күтеді. Әр шифратор бұл режимде келесілерді орындау қажет:

- Шифропроцессорде жүктелуді жүзеге асыру және шифрлеу кілтін одан түсіру;
- Деректер мен кілттер үшін имитоприставканы өлшеу;
- Сұраныс бойынша кездесоқ сандарды беру.

Программа УКЗД-ға қарағанда әр бір команда бірнеше деңгейден өтеді:

- Қосымша деңгей;
- Қосымша және УКЗД драйверлер арасындағы интерфейсті қамтамасыз ету деңгейі;
- ОЖ ядро деңгейі - УКЗД драйвері;
- Аппараттық деңгей - УКЗД.

Кілттік схемалар.

Аппараттық шифраторлар бірнеше шифрлау кілттер деңгейін қолдану қажет, идеалды варианты- үш өлшемді кілттер иерархиясы:

1. Сеанстық, файлдық және пакеттік кілттер.
2. Көп уақытты қолданушылық немесе желілік кілттер.
3. Негізгі кілттер.

Әр кілттер деңгейлеріне шифропроцессор жадындағы кілттік ұяшық сәйкес келеді..

Үш кілттік схеманың қажеттілігін файлды шифрлау процесіндегі мысалда қарастырайық. Ол бірнеше қадам бойынша орындалады:

1 қадам. ДСЧ шифраторға кездесоқ сан алуға сұраныс шығады, берілген сан кілттік ұя№ 1 жүктеледі (файлдық кілт).

2 қадам. Файлдың мазмұны файлдық кілтте шифрленеді, шифрленген ақпаратты сақтау үшін жаңа файл құрылады.

3 қадам. Көп мерзімді кілт қолданушыдан сұранып кілттік ұя № 2 жүктеледі.

4 қадам. шифрден шешілген көп мерзімді кілтте файлдық кілт шифрленеді. Содан соң шифратордан шығып шифрленген файлдын аталуына жазылады.

5 қадам. Файлды шифрден шешу кезінде қолданушының көп мерзімді кілті арқылы файлдық кілт шифрден шешіледі, сосын керек ақпарат шешіледі.

Электрондық үй.

«электрондық үй» функциясы компьютерді бекітілмеген енуден қорғауды ұйымдастырады, сонымен қатар ОЖ файлдардың толықтығын бақылауды қамтамасыз етеді.

Әр шифратордың жадында электрондық үй режимінде жұмыс істейтін келесі ақпараттар болу мүмкін:

- Қолданушылардың тізімі;
- Әр қайсысына хэш-мағынасы бар бақылаушы файлдар тізімі;
- журнал, компьютерге кіруге тырысқандардың тізімі.

Алғашқы жүктеу режимінде шифратордың электрондық үйі келесілерді орындайды:

• Қолданушыдан ақпараттың аутентификациясынсұрайды;

- Егер де бір бақылаушы файлдың толықтығы бұзылса, онда компьютердің жүктелуі блокировкаланып қалады, ал шифратор арнайы жұмыс режиміне көшеді;
- Шифратор өз журналында кіруді жазып қойып компьютерге басқаруды қайтарады, сосын ОЖ жүктелуін әрі қарай жалғастырады;

Электрондық үйдің кемшілігі – оны компьютерден алып тастауға болады.

техникалық іске асыру нұсқалары.

Аппараттық шифраторлардың бағдарламалықпен салыстырғанда бір кемшілігі – бұл жоғарғы құны. Бірақ қолданушы қымбатырақ алғанмен ақпаратты жоғарғы сапалығымен қорғай алады. Аппараттық шифраторлар көп мүмкіншілігі бар:

- Шифрлаудың аппараттық алгоритм реализациясы алгоритмнің өзін өзгертпеуге кепіл болады;
- аппараттық ДСЧ қолдануы абсолютті кездесоқ сандарға кепіл болады.
- аппараттық шифратор шифропроцессорге тікелей шифрлау кілтін жүктелуге мүмкіндік береді;
- аппараттық шифратор компьютерге шек қою жүйесін құру мүмкіндігін береді;
- аппараттық шифрлау арнайы шифропроцессор арқылы компьютердің орталық процессорын жүктейді.

Техникалық сиппаттамалар.

Аппараттық шифраторлардың техникалық сипаттамалары:

- Шифрлау алгоритмін қолданылуыжәне шифрлеу кілт ұйқастығы;
- Шифрлау жылдамдығы;
- Шифратордың кілттік жүйе деңгейінің мөлшері;
- интерфейс (ISA/PCI/USB және т.б.);
- кілттік жетектерді қолдайтын жиын;
- функционалдық электрондық үйдің бары;
- Әр түрлі ОЖ үшін шифратор драйверлерінің бары;
- Программалық қамтамасыз етудің бары.

Бекіту сұрақтары:

1. Аппараттық шифрлау дегеніміз не?
2. аппараттық шифраторлар құрылымы.
3. Шифропроцессорлар не үшін қажет?.
4. программдық интерфейстын жұмыс принциптері
4. Кілттік схемалардың атқаратын қызметі?
5. Электрондық үй дегеніміз не?

6. техникалық іске асыру нұсқалары.
7. Техникалық сиппаттамалар.

Пайдаланылатын әдебиет: [3], 78 бет.

Дәріс №11. Тақырыбы: Программалық шифрлау

Жоспар:
1. *PGP криптографиялық жүйе*
2. PGP бағдарламмасын құру және қолдану.
3. PGP қалай жұмыс істейді.
4. Кілттер. Цифрлық қол қою
5. Шифрленген хабарды қалай жіберуге болады.
6. Хабарды шешіп алу

Мақсаты: Алгоритмдерді программалық іске асыру. PGP криптографиялық жүйемен жұмыс жасауды үйрету
Кілттік сөздер: PGP, RSA, DES, хэш-функция

PGP криптографиялық жүйе

Pretty Good Privacy (PGP) криптожүйе Phil's Pretty Good Software фирмасы шығарған және MS-DOS, Windows, Unix, VAX/VMS және т.б. ОЖ үшін үлкен құпия дәрежелі криптографиялық жүйе болып табылады. PGP қолданушыға файлдармен, хабарлармен алмасға мүмкіндік береді және құпиялық функцияларын, нақтылығын тексеруге, сақтауға, жұмыс істеуге өте тиімді.

PGP криптожүйесі RSA криптографиялық жүйесін ашық кілтімен тиімді қолдануды өзіне біріктіреді. PGP ашық кілт функциясын тез орындайды. PGP — бұл барлығы үшін ашық кілтті криптографиялық жүйе.

PGP модеммен жұмыс істеу мүмкіншілігі жоқ. Ол үшін бөлек бағдарламманы қамттамасыз ету керек.

Стандартты криптографиялық жүйелерде мысалы, US Federal Data Encryption Standart (DES), бір кілтті шифрлеу кезінде және шешіп алу кезінде қолданады және кілт құпия каналдар арқылы жіберіледі. Бұл жағдай тиімді емес.

Криптографиялық жүйеде ашық кілтімен әр адамда бір бірімен байланысты екі кілті болады: жарияланған ашық кілт және құпия кілт. Осы адамдардың әр қайсысында шифрды шешіп алатын коды болады. Мұндай протокол арнайы байланыс каналдарсыз құпияны қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, хабардың нақтылығы анықталады. Электрондық қол қою арқылы қабылдап алған хабар шынымен жіберілген адамдікі ме екендігін анықтайды.

Осы екі процессті құпиялықты және нақтылықты анықтау үшін біріктіруге болады.

Ашық кілттер «кілттер сертификаттар» түрінде сақталады. Ашық кілттер сертификаттары ашық кілттерден, ал құпия кілттер сертификаттары – құпия

кілттерден тұрады.Әр құпия кілт бөлек парольмен шифрленеді. Кілттер файлы, немесе кілттер каталогі («кольцо с ключами» — «keyring») бір немесе бірнеше осындай сертификаттардан тұрады.
PGP қол қоюды құру үшін «хабарлар дайджестлерін» қолданады. Хабар дайджест — бұл криптографиялық 128-биттік,бірқатарлы, алымды хэш-функция. дайджест екі бірдей дайджестпен хабарды құруға мүмкіндік бермейді. Хабар дайджестсі электрондық қол құру үшін құпия кілтпен шифрленеді.
Қабылдаушының бағдарламалық қамтамасыз ету автоматты түрде құпия кілттер каталогінаң шифрден шешіп алу құпия кілтің іздейді.

Осы екі кілттер каталог түрлері ашық және құпия кілттермен жұмыс істеудін және сақтаудың негізгі әдісі болып табылады.

PGP бағдарламмасын құру және қолдану.
PGP (Pretty Good Privacy)- жоғарғы дәрежелі беріктігімен криптографиялық /шифровальдық/ бағдарламма. Ол қолданушыларға толық конфиденциальды режимінде электрондық түрде ақпараттар алмасуды қамтамасыз етеді.
Бұл бағдарламманың негізгі мүмкіншілігі қолданушылар шифрленген хабарды бір біріне жіберген кезде құпия кілтпен алмасу қажет емес. өйткені бұл бағдарламма жаңа жұмыс принципі бойынша құрылған- публикалық криптография немесе ашық кілтпен алмасу, мұнда қолданушылар «Интернет»арқылы ашық түрде бір біріне кілттерін жібере алады, бірақ басқа адамдар олардың хабарын оқып қоя алмайды.
PGP бағдарламмасы принципінде екі бір біріне байланысқан кілттер қолданылады: ашық және жабық кілттер. Жабық кілтке тек сізге қол жеткірлікті, ал ашық кілтінізді басқаларға қол жетерлік. Бұл бағдарламманың тағы бір мүмкіншілігі , ол тегін, және әрбір қолданушы оныИнтернеттен көшіріп ала алады.
PGP шифрленген хабарды тек қабылдаушы ғана шеше алады. PGP Филипп Циммерман құрушы бағдарламманың кодың ашық түрде жариялаған, оны бірнеше специалисттар зерттеп осы бағдарламмма жайлы кемшіліктер байқаған жоқ.

PGP қалай жұмыс істейді.
Қолданушы PGP арқылы хабарды шифрлеген кезде бағдарламма ең бірінші мәтінді сығыстырады, ол модем арқылы жіберу уақытың қысқарту және шифрлеудін сенімділігін тудыру үшін қолданылады. Содаң сон PGPсессиялық кілтті генерациялайды.
Деректер шифрленген сон сессиялық кілт хабар алушының бәріне белгілі кілті арқылы шифрленеді және шифрленген мәтін мен бірге жіберіледі.
Шифрден шешіп алу қайта кезегімен өтеді. Хабар қабылдаушының PGP бағдарламмасы қабылдаушының жабық кілтін қолданады, сессиялық кілтті шешу үшін, содаң кейін бағдарламма шифрленген мәтінді шеше бастайды.

Кілттер

Кілт – бұл мәтінді шифрлеу үшін криптографиялық алгоритмда қолданылатын сан. Ереже бойынша кілттер – бұл өте көп сандар. Кілт саны битпен өлшенеді. 1024 битпен берілген сан – өте көп. Публикалық криптографияда кілт үлкен болған сайын, оны басқа біреулер шешіп алу ға қиынға түседі. Бірақ егер компьютер өте қуатты болса шіп алуға мүмкін. Сондықтан кілттердің көлемі сәйкес келетін болған қажет.

Кілттер сіздің компьютерінізде қатты дискта сақталып тұрады, екі файл түрінде: біреуі ашық кілт үшін, екіншісі – жабық кілт үшін. Бұл файлдарды «сақина» (keyrings) деп атайды.

Цифрлық қол қою

Публикалық криптографияның тағы бір мүмкіншілігі ол цифрлық қол қою мүмкіндігі. Цифрлық қол қою қолмен қол қою функцияларын орындайды, бірақ цифрлық қол қоюды басқа біреу өтірік қоя алмайды, ал қолмен қол қоюды өтірік біреу ұқсастырып қоя солу мүмкін.

ХЭШ-ФУНКЦИЯСЫ

Кодты шатастырудың қарапайым тәсілі оның шартсыз өтулермен шатасуы болып табылады. Өту командасынан кейін жасыратын командаға бірнеше мағынасыз командалар және операция коды не/және байттарда үлкен өлшемді команда префиксі қойылады. Әрбір нақты жағдайда ұзындық мынадай есеппен алынады: бұл фиктивті команданың соңы шын команданың біреуінің ортасына түссін. Бұл дизассемблер осы командадан бастап бұрыс реттіліктегі командаларды шығаруға әкеледі. Ал кейде ештеңені декодировать етпей, тек мәліметтерді хабарландыратын директивалар реттілігін жазады (DB, DW,…).

Бұл тәсілдің оңай және қысқа жолы – қорғалатын команданы ашуда шартты өту қолданылады. Алайда, бұл шарттың шындығы компилятор әсіресе дизассемблер үшін «түсінікті» болмау керек. Бұл тәсілдің артықшылығы – программа мәтініне қосымша, ешқашан орындалмайтын командаларды енгізуді талап етпейді. Бұл тәсіл бұзуға қарсы жақсы әдіс болуы мүмкін – бір уақытта дизассемблерді де, бұзушыны да адастырады.

Интерактивті дизассемблерлер шығатын мәтін/листингті программаның орындалатын кодын автоматикалық дизассемблерлер сияқты реттейді. Бірақ интерактивті дизассемблерлер автоматикалықтан мықты қолданбалы интерфейсімен (дизассемблерленген программа анализін жақсы жеңілдетеді) ерекшеленеді.

Интерактивті дизассемблерлер мынаған жол береді:

- айнымалылардың, таңбалардың, подпрограммалардың, т.с.с. атын өзгертуге, жаңа адрестер үшін атын енгізу, бар таңба/аттарды жоюға;
- нәтижелі мәтіндегі символдар реттілігін және орындалатын кодтағы байт реттілігін іздеуге;
- код учаскелерін ассемблерлік командалар немесе DB директивалар реттілігіне қайта дизассемблерлеуге;

- барлық сәйкес шақыруларға автоматты түрде қойылатын үзулерге, подпрограммаларға, т.с.с. түсініктеме (комментарий) беруге;
- программа сегменттерінің тізімін көруге;

дизассемблерлік мәтінді орындалатын кодтың автоматты модификациясымен немесе онсыз өңдеуге/жөндеуге.

Түрлі интерактивті дизассемблерлер сонымен қатар басқа да мүмкіншіліктерді береді. Ең соңғы интерактивті дизассемблерлер (IDA) дизассемблерленген кодты тек ауыстыруға ғана емес, сонымен қатар дизассемблерлеу процесінің өзіне араласуына мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылған тәсілдер автоматты дизассемблерлерге қарсы қолдануда жақсы. Бірақ IDA-ны шатастыру (немесе басқа интерактивті дизассемблер) олардың қолынан келмейді. Дәлірек айтсақ, шатастыра алады, бірақ біздің қарсылас қоқыстанатын байтты 'Undefined' ретінде, ал одан соң код ретінде көрсету керектігін түсінген уақытқа шейін. Бұдан кейін ол дизассемблер ортасында қорғалатын программа анализін алады.

Хакерлік ортада «динамикалық фуфель» деген атақ алған эффекті әрі күрделі тәсіл бар. Тәсілдің мағынасы мынада-қоқыстанатын байттар басқаруды беру командаларынсыз еш айналып кетпейді. Олар программаның орындалу барысында еш зияны жоқ командалармен (NOP, STI ,...) алмасады. «Фуфелі» бар подпрограммалардың алғашқы жіберілуіне дейін. Басқаша айтқанда, дизассемблерлеуден қроғалатын программа фрагменті, шынында да, дискідегі программа түрінде жіберілмейді, ол компьютердің дұрыс жұмыс істесмеуіне әкеледі. Алайда, жіберілген программа белгісіз жерден қоқыстанатын байттарды алу үшін мәліметтерді есептейді де, оларды программаның орындалуына еш әсерін тигізбейтін командаларға алмастырады.

Мұндай тәсілде қорғалған рпограмманы бұзу өте ұзақ әрі күрделі процесс.

14.2 Нақты режим бұзушыларына қарсы күрес

Бұзушының зерттеуінен қорғанудың екі тәсілі бар:

- бұзушыны анықтау және басқаруды бұзушыға қарсы бұтақ реакциясына беру;
- код фрагменттерімен программаны «қоқыстау», олар бұзушысыз қалыпты жұмыс істейді, ал бұзушы бар кезде апаттық жағдайға, компьютердің дұрыс жұмыс істемеуіне немесе программаның орындалу барысының бұрамлануына әкеледі.

Бұзушыны анықтау

Нақты режим бұзушыларын анықтау жетерліктей оңай. Оларды анықтаудың екі негізгі тобын атап айтуға болады:

- процессордың аппараттық ерекшеліктерін қолдану, әсіресе командалар тізбегінің бары, сонымен бірге кейбір нұсқауларды орындағаннан кейін трассирлі үзудің жоғалуы;
- операциялық ортаның өзгеруін үзу векторын тексеру жолымен, программаның жеке бөліктеріне кеткен уақытты тексеру, программаны жіберу кезінде регистлердің алғашқы жағдайын тексеру және т.с.с. анықтау.

Бұзушылар комьютердің мынадайресурстарын қолданады: INT1 сияқты үзулерді, INT 3 және TF трассировка жалауы. Мұның бәрі қорғалатын программа бұзушының зерттеуін анықтау үшін қолданылуы мүмкін. Мәселе мынада, Intel 80x86 сияқты процессорлар бір команданың трассировкасын «жоғалтады», егер оның алдындағы команда сегмент регистрінің мәнін өзгерткен болса. Сондықтан бұзу процесіндегі TF трассировкасының жалауының орнатылғандығын анықтауға болады.

486 тобындағы процессорларда бұзушыны команданы алдын ала таңдау буферін қолданып білуге болады. Таңдалған және сол тізбекте орналасқан команда кодының өзгеруі программаның орындалу барысына әсер етпейді.

Бұзушыны анықтаудың келесі тәсілін тек нашар сапалы бұзушыларға қарсы қолданамыз, мәселен CodeView немесе Turbo Debugger. Ол мынаған негізделген: программаны жүктеу барысында анықталған түрде регистрлердің инициализациясы жүреді. Программаны бұзушыға зерттеу аз емес қууларды міндетті етеді. CodeView және TD бірінші қуу кезінде AX, BX, CX, DX, SI, DI, BP регистрлерін нольдейді. Екінші қуу кезінде CodeView бұл регистрлерді тағы да нольге теңестіреді, ал Turbo Debugger алдындағы қуудан қалған «қоқысқа» мүлдем тиіспейді. Программа басында регистрлердің мәнін керектілермен салыстырып, бұзушыны анықтауға болады.

Нақты режимде бұзушының барында программа жұмысының бұрмалануы

Бұған бірнеше тәсілдерді атап кетуге болады:

- контрольді нүктенің құрылуына және программа кодының өзгеруіне қарсы әрекет жасау;
- қолданушымен бірге интерфейстің бұзылуы, мысалы, клавиатураны блоктау арқылы экранға нәтижені бұрмалау;
- код учаскесінің генерациясы, шифрлау, жүйені қорғаудағы басқа дар подпрограммаларды шақыру сияқты жауакершілікті талап ететін әрекеттерді жүзеге асыру үшін бұзу (кейде тек бұзу ғана емес) үзулерін қолдану;
- орындалатын код аймағында стекті анықтау және оны бұлжытпай ауыстыру.

14.3 Қорғалған режим бұзушыларымен күрес

Кейбір бұзушылар (қорғалған режимді) режимді қорғауға арналған арнайы бұзуға қарсы трюктерге түсіп қалады. Бұзушыларға арналған тағы бір тәсіл олардың ұсынатын API-ге негізделген. Мәселен, DeGlucker, API no INT 15h (OFFxx функциясы)-ды ұсынып, конструкцияда мәңгі тұрып қалады.

```
mov   ax, OFFOlh
int 15h
```

Ал қорғалған режимді бұзушылармен күрестегі үшінші тәсіл аппараттық бұзу құралдарының жағдайын нашарлату болып табылады. Мәселен, программаның трассировкасы үшін DR1 регистрі қолданатыны бізге белгілі. Әрине, онда оның не мәнін, не DR7 регистріндегі басқаратын биттердің мәнін дұрыс көрсетпейтіндей етуге болады. Алайда, қазіргі кезде бұзу регистрлерін бұзушылардың (DeGlucker 0.05) өздері де қолданады, ал бұзылатын программаға оларды қолдандырмайды.

Соңғы төртінші топқа қарсы күрес – бұзушылардың нақты қателіктеріне негізделген.

14.4 «Ерекшеленген» программалау

Қорғауды жасаушының міндеті – қарсыласының бұзуға кететін уақытын көбейту. Сонымен бірге, программаны тексеруді қиындату.

Ол үшін бізге жоғары сапалы, бірақ дизассемблер түрінде түсініксіздеу, ал бұзушыға шартты және шартсыз өту теруінде былықшылық көзқарасындағы программа жасау керек. Мұндай әрекет «изощренный» программалауды қолданғанда шешіледі.

Бірнеше негізгі бағыттарды бөліп көрсетуге болады:

- экзотикалық, процессордың немесе оның стандартты емес сәйкестіктерінің жиі кездеспейтін командаларын қолдана отырып, ерекше түрдегі алгоритм жасау;
- бір алгоритмдегі бірнеше толық эквивалентті нұсқаларды реализациялау, оған әрбір қатынау кезінде оны реализациялаудағы нұсқалардың біреуі алынады;
- коданың қоқысталуы – біздің мәліметтерді өңдеуде еш зәсерін тигізбейтін командалар.

Бұл тәсілдермен жақынырақ танысайық.

Алгоритмдерді экзотикалық жүзеге асыру .Мәселен, бізде бір жалау бар делік (немесе айнымалы) және оған 0-ге тексеру өте қажет. Бірақ біз CMP AX,0 командасын анық жазғымыз келмейді, немесе мүлдем басқаруды беру командаларын мүмкіндігінше қолданудан айналып кетпекпіз.

Ең бірінші 0-ге тексерудегі анық емес командаларды қолдану ойға келеді. Мысалы, екілік-ондық арифметикадағы командаларды қолдану:

Мысалы,

```
mov  ax,                OurFlag
daa
pushf
pop   ax      ; нольдік жалаудың анық емес тексеруі
and   ax, 40h
 jz    FlagIsZero
```

Әрине, шын программада жалауды алу және нольге анықтау сол баяғы тексеруді қиындатуда таратылуы керек. Алайда бұл нұсқа қолданбалы болса да бұзуда өте оңай болып табылады.

Эквивалентті бұтақтарды жүзеге асыру. Программаны тексеруді қиындату үшін бұл тәсілдің пайдасы анық. Шынында да, егер біз бұзушылықта болсақ, бірде бір командаға, бірде бірнеше командаға түссек, программа алгоритмін түсіну оңай болмайды.

Анализді қиындату үшін мүмкін:

- бұтақтар санын көбейту (барлық алгоритмдер үшін қолданылмайды);
- бұтақтарды үзу өңдеушілері түрінде беру (INT I, INT 3, INT 4, INT6 және т.б.) және оларға тура қатынамай, сәйкесінше жағдайларды жасау жолымен;
- кездейсоқ сандарды тексерудің санын көбейту.

Коданы қоқыстау. Коданы қоқыстау мағынасында оған командаларды қолдан енгізу деп білеміз, ол командалардың орындалатын алгоритмге еш қатысы

болмайды және олар алгоритмнің анализін не қиындатады, не ол анализді канителен етеді, сәйкесінше оған көбірек уақыт әрі күш керек.

Бұл жерде әрекетсіз регистрлерді манипуляциялау; кейбір флагтарды құру не алы тастау, бұл флагтарға еш қатысы жоқ бірнеше командаларды орындау келесіде шартты өтумен, ал оның өзі шын мәнінде орындала ма, орындалмай ма белгісіз; бірдей құрылымды өңдеу, олардың біреуінде ғана біздің алгоритмнің мәліметтері болады және т.б. бұның бәрі тек дизассемблерленген мәтіннің көлемін ғана көбейтпейді, сонымен бірге қорғалатын алгоритмнен көңілді бөледі.

Компьютерлік вирустар компьютерлік және ақпараттық даму үрдісінде пайда болған өзінше бір құбылыс. Бұл құбылыстың мәні - программа-вирустардың тірі ағзалаларға тән туылу, көбею және тіршілігін жою секілді қасиеттерді иеленуінде.

Компьютерге қатысты “вирус” деген терминді 1984ж. Фред Коэн ұсынған болатын. Ф. Коэннің вирусқа берген алғашқы анықтамасы: “Компьютерлік вирус - өзге программаларға өзінің немесе өзгертілген көшірмелері арқылы өзгеріс енгізу арқылы жұқтыратын программа, сондай-ақ, соңғысы әрі қарай көбею мүмкіндігін сақтап қалады.” Вирустардың көрсетілген қасиеттері тірі табиғаттағы биологиялық вирустардың жұқтыру әрекетіне пара-пар.

Әдетте вирус компьютер жүйесінде неғұрлым табылмай қала беретіндей етіп құрастырылады. Вирустардың алғашқы “ұйықтау” периоды оның өмір сүру механизмі болып табылады. Вирус мысалға жұма 13-і, белгілі бір күнде және т.с.с. шақыру оқиғасы пайда болғанда нақты сәтте әрекет жасайды.

Компьютерлік вирус өзін компьютерлік дискілерге құпия түрде жазуға тырысады. Вирустардың көбісінің әрекеті - вирус өз жұмысын компьютердің әрбір жүктемелену кезінде бастайтындай етіп оның жүйелік файлдарын өзгерту. Мысалға, жүктемелеу аймақтарын жұқтырушы вирустар тек операциялық жүйе және жіберу файлдарын сақтау үшін оқшауланған дискета мен қаттыл дискінің бөлігін жұқтырады. Бұлар компьютерді іске қосқан сайын жадыға жүктемеленіп отыратындықтан залалды вирустар болып табылады. Мұндай вирустардың көбею мүмкіндігі жоғары және олар үнемі жаңа дискілерге тарала алады.

Әдетте вирустар COM және EXE Файлдарға жақын жүреді. Кейбір вирустар компьютерлік жүйені жұқтыру үшін жүктемелеу аймағын, сондай-ақ файлдарды жұқтыру әдісін пайдаланады. Бұл - вирустарды арнайы программалармен іздеп табу мен айқындауды қиындатып, оның тез таралуына әрекет етеді.

Вирустардың басқа түрлері де бар. Компьютерлік вирустар көп түрлі көбейетіндігінен және өмір сүру ортасын бұзатындықтан жүйеге зиян келтіреді.

Жүйелік “құрт” глобальды торап бойынша таралып, магниттік тасуышта өз көшірмесін қалдырмайтын программа-вирустардың бір түрі. “Құрт” бос ресурстары бар компьютерлердің торабында дұрыс пайдаланса “құрт” технологиясы пайдаға асуы мүмкін. Мысалы: World Wide Web Worm “құрт”

Web бөлімдерін іздеу индексін қалыптастырады. Бірақ, “құрт” зиянды программаға тез айналады.

Зиян келтіруші программалардың белгілісінің бірі - UNIX жүйесінің командалық интерпретаторының кірме тілінде және Си тілінде 4000 жолдан тұратын Морристің “құрт” программасы. Бұл программа VAX және SUN компьютерлерінде UNIX операциялық жүйесіндегі қателерді пайдалану енгенде жұмыс істейді. Жүйелік “құрт” - зиянды программалардың ең қатерлісі. Себебі олардың жұқтыру объектісі Internet торабына қосылған миллиондаған компьютердің кез келгені болуы мүмкін.

“Троянский конь” (бұл терминді хакер Дан Эдварс ұсынған) программалық қыстырманың бір түрі. Ол өзінің ішіндегі жасырын түрдегі қатерін білдіртпей пайдаланушыға программаны жіберу жағдайын туғызатын алдау әдісін пайдаланады. Мұндай программалар әдетте пайдалы утилиталардың ішінде байқалмай жүреді. “Троялық ат” программасының қауіптілігі - зиянсыз программаға қосылған қосымша командалар блогында. Бұл командалар блогы белгілі бір шарттың орындалуымен немесе сыртқы команда бойынша өзінің қаскүнемдік жұмысын істей бастайды.

15.1 Вирустарды және басқа зиянды программаларды жіктеу

Зиянды программаларды былай жіктестіруге болады:

- қауіптілігінің дәрежесі бойынша;
- жұқтырылатын объекттер бойынша;
- жұқтыру әдісі бойынша;
- жүйеде бар болуын жасыру әдісі бойынша;
- программалау тілі боынша.

Қауіптілігінің дәрежесі бойынша жіктеу. Зиянды программаларды қауіптілігінің дәрежесі бойынша былай бөлуге болады:

- зиянсыз, яғни өзінде ешқандай бұзатын функцияларды сақтамайды және өзін тек көбеюмен білдіреді;
- қауіпсіз, яғни өзін хабармен, бейнеәсерімен және с.с. білдіреді;
- қауіпті, яғни есептеу жүйенің жұмысында маңызды жаңылысуылар пайда болады;
- өте қауіпті, яғни файлдарда, жүйелік аймақтарда, логикалық дискілерде ақпаратты жоюға жарамды, аппаратураны бұзуға болады.

Жұқтырылатын объекттер бойынша жіктеу. Тарату үшін пайдаланылатын объектілер бойынша зиянды программаларды былай бөлуге болады:

- файлдық вирустар, яғни қандай да бір тәсілмен файлдарға қосылатын программалар;
- жүктелетін вирустар, яғни өз кодасын дискілердің жүйелік аймақтарына жазатын программалар;
- тораптық вирустар, немесе “черви”, яғни есептеу тораптарда қандай да бір тәсілмен өз көшірмелерін жіберетін программалар;
- “троянский конь”, яғни қандай болса да зиянсыз программаларға астарланған программалар; вирус алгоритмдері бойынша файлдарға,

жүйелік аймақтарға немесе тораптық хабарларға жазылу мүмкін, бірақ осындай әрекеттерді жасау үшін арнайы программа керек; трояндылықтарда көбеуі мүмкіндігі жоқ;
- “логикалық бомбалар”, яғни нормалды программада құрастырушымен программаланған троялық компонентері (белгілі шарт бойынша орындалады, мысалы, винчестердің 0-ші жолында кілттік ақпарат болмағанда).

*Жұқтыру әдісі бойынша жіктеу***.** Әртүрлі зиянды программалар объекттің жұқтыру әдісі бойынша әртүрлі жіктеледі.

Осы параметр бойынша *Файлдық вирустар* былай бөлінеді:
- вирус-спутниктер, файл атын өзгертіп (әдетте кеңейтуін өзгертеді) және ескі атын сақтап жаңа файлға өзін жазып кетеді;
- орнын алатын вирустар, файлдың мазмұнын сақтамай үстіне өзін жазып кетеді (бұл вирустар өте қауіпті вирустарға жатады);
- жапсыранылатын (пристыковывающиеся) вирустар, немесе паразиттық вирустар программаларға қосылып жазылады, жұмысын бастағанда басқару алдымен вирус кодасына беріледі, содан кейін вирус жұқтырылған программаның кодасын шақырады.

Жүктелетін вирустар:
- сирек қолданатын секторға жүктеуіш кодасын сақтайды және оған басқаруды береді;
- жүктеуіш кодасының орнын алатын вирустар және оның барлық функцияларын өзі орындайды.

Троялықтар:
- дербес, яғни кез келген әдіспен пайдалы программаларға астарланған программа;
- жапсыратын (пристыковочные), яғни дроппер-программа көмегімен орындалатын файлдарға жазылатын программалар;
- “приваживаемые”, яғни қаскүнем жүйелік конфигурация файлдарына троялықтарды жандандыру командаларын қосу керек

Жүйеде бар болуын жасыру әдісі бойынша жіктеу.

Жүйеде бар болуын жасыру әдісі бойынша вирустарды былай бөлуге болады:
- жүйеде өз бар болуын жасырмайтын;
- шифрланатын, яғни кез келген кілтімен өз орындалатын кодасын шифлайтын, бірақта кері шифрлауыш әрқашанда бір;
- полиморфты, яғни әрбір жаңа файлға жұқтыру кезінде вирус кез келген тәсіл бойынша генерацияланған кілтімен шиФрланады және кері шифрлауышты өзгертеді;
- “көрінбейтін” (“стелс”) вирустар, яғни резидентті вирустар жүйелік үзулерді ұстап алыды және жүйеде бар болуын жасырады.

Программалау тілі бойынша жіктеу. Зиянды программалар келесі тілдерде:
- Ассемблер тілінде;
- жоғары деңгейдің тілінде;

- ОЖ командалық тілінде;
- қолданбалы программалық кешенінің құрамдас тілінде/макротілінде жазылу мүмкін.

15.2 Жұғу алгоритмдері.

Файлдық вирустармен стандартты жұғу алгоритмдері

Спутник-вирустар программаны жұқтырады, олар программалық файлдың мазмұнын өзгертпейді. Спутникті-вируспен жұғудың екі алгоритмі бар. Бірінші алгоритмнің негізі мынада: Dos программалық процессорына ат бергенде, кеңейтусіз программаны қосқанда, ол COM кеңейтілуі бар файлды іздейді, одан кейін EXE, соңында BAT. Бұндай спутник-вирусы EXE файлын тапқан кезде, сондай атпен COM кеңейтілуі бар файл құрады. Мұндай вирустардың белсенділігі толығымен VC/DN/NC типті жай файлдық бөлшектерді жұмыс істеуінен тоқтатады, олар ENTER клавишасын басқан кезде көрестілген кеңейтілуімен орындалатын файлды іске қосады.

Екінші жұқпалы спутник-вирусының алгоритмінің негізі, кеңейтуі орындалатын файлдың шектілігін тек командалық процессор қояды. Программаны іске қосатын немесе орныдайтын Dos функциялары, кез келген кеңейтілуі бар файлды қосуға мүмкіндік береді. Берілген алгоритмді іске асыратын спутник-вирусы EXE файлын іздейді, оның мазмұнын файлға тура сол атымен және кеңейтілуімен көшіреді, ал EXE файлға вирустың кодын жазады. Құрбан-программасында сақталатын кеңейтілуі стандартты болуы мүмкін, вирус кодынан кейін EXE файлдың соңына жазады.

Екінші алгоритмнің вариациясы қиындау, манипуляциялық файлдардың жұғуы болып табылады. Бұл жерде екі емес, үш кеңейтілу қолданылады.. Құрбан-программасына басқаруды бергенде, вирус өзін файлға үшінші түрдегі кеңейтілумен сақтайды, құрбан-программаны EXE файлға көшіреді, оны содан кейін іске қосады, құрбан-программасы аяқталғанда өзін қайта EXE файлға көшіреді. Үшінші түрдегі кеңейтілуі бар файл жойылады.

Осы алгоритмді қолданатын вирустар, кеңейтуді таңдау кезінде қауіпті немесе өте қауіпті болуы мүмкін.

Файлдың орнын басатын вирустар, өздерін орындалатын файлдың басына көшіреді, бірақ ескі мазмұнын сақтамайды. Бұндай файлдардың резервті көшірмесі болмаса, қалпына келтіру мүмкін емес.

Орындалатын файлға вирус жұққан кезде, ол өзінің кодын файлға жазу керек, құрбан-программасына кіру нүктесін есте сақтап, өзгерту керек, онда вирустың коды басқаруды алады. Мұны COM форматты Dos программасында істеген оңай, өйткені олар орындалатын кодтың екілік бейнесін оперативті жадыда ұсынады. COM файлдарды жұқтыратын үш стандартты алгоритм бар: соңына жазатын, басына және ортасына.

Стандартты түрде файлдың соңына жазылатын вирус, кіру нүктесін өзінде есептейді. Ол бірінші байттарды есте сақтайды (көбінесе 3, 5 немесе 6) және олардың орнына өзіне берілетін басқару командасын жазады. Істің соңында, вирус есте сақтаған командалрды орындайды, немесе CS: 100h адресімен байттарды қалпына келтіреді және соған басқаруды жібереді, мысалы:

```
mov     ax6 1000h
push    ax
retn
```

Стандартты түрде басына жазылатын вирус, файлдың соңына сол ұзындықтағы кесек кодты көшіреді. Содан, вируспен қоданылмайтын және кодсыз, берілген программасыз команда адресі соңғы программаны жадыда қалпына келтіреді, вирус бұл кесекті CS: 100h адресімен көшіреді және басқаруды осы адреске жібереді.

Файлдың ортасына жазылатын вирустар, бірдей мәнді файлдарды жұқтырады, көлемімен үлкен вирус файлды ажыратады, орын босаған жерге өзінің кодын жазады. Құрбан-программаға басқаруды жіберу, стандартты түрде соңына жазылатын вирустардыкіндей.

Структурозацияланған орындалатын файлдарды жұқтыратын вирустар (MZ EXE, LE EXE, ELF т.б.) өте қиын жұғу алгоритмдерін қолданады.

Структурозацияланған орындалатын файлды жұқтырғанда, вирус тақырып атының алаңын анализдейді, оны файлдың соңына жазады және тақырып атының алаңын модификациялайды. Бұл информация сосын құрбан-программаға жіберуді орындайды.

Іске қосылған вирустармен жұқтыратын стандартты алгоритмдер

Іске қосылған вирустар жүйелік аумақты үш түрлі стандартты алгоритммен жұқтырады.

Бірінші алгоритм, айталық “Brain” вирусымен қолданылсын, файл кластерінен бос құрбан аумағының жазылуында қорытындылады.

Екінші алгоритм, айталық “Stone” вирусымен қолданылсын, құрбан аумақ қолданылмайтын немесе кейде қолданылатын секторларға көшіріледі. Кейде вирус дискіде қосымша жолды форматтайды және сонда құрбан аумақпен құйрықты көшіреді.

Үшінші алгоритм, вирус құрбан аймақты ешқайда сақтамайды. Бұндай вирустар ОС-ты өздері іске қосады. Мысалы Troian.Surprise.456. НМД-ны жұқтырады.

Жұқтыру модификациясының алгоритмдері

Егер вирусты тазалау алгоритмі, стандартты алгоритмдердің файлдарын жұқтыртса, ол антивируста орындалған, онда жаңа вирусты тазалауды орындау бірнеше секунд ғана алады. Сондықтан вирус жазушылар әрдайым жаңа алгоритм ойлап табуға тырысады.

Ең оңай амалдың бірі – вирусты екіге бөлу. Вирус стандартты түрде файлды жұқтырады, ол басына немесе ортасына жазады, бірақ онда кодтың бір ғана бөлігін сақтайды, ал қалғанын соңына жазады. Негізінде бұндай вирусты табу қиынға түспейді, өйткені вирустың екі бөлігі жұқпалыдан жұқпалыға өзгермейді. Алдымен құйрығын кесіп, содан вирусты кәдімгідей тазарту керек.

Есеп кейде қиындайды, егер вирус бірнеше подпрограммаға бөлінсе, әр жаңа жұқтыру кезінде түрлі подпрограмма санын құйрыққа қояды. Бұндай вирус файлдың соңы мен басына байланысты фиксациялы сигнатурлары болмауы мүмкін, және ол кіру нүктесіне де байланысты. Мұндай вирусты

тазалау әрбір подпрограмманың сигнатруларын тексеруін, оның басы мен құйрығының ұзындығын табуын немесе кіру нүктесінен подпрограмманы шақыру командасына өтуін қамтамасыз етеді.

Псевдо іске қосатын вирустар, қосылатын секторларды жұқтырпайды, дискідегі фиксацияланған аумақтағы жүйелік файлдарды жұқтырады. Бұл файлдар басқа жерге жазылады, ал вирус жүйелік файлдың үстіне жазылады. Бұндай вирусты тазалау үшін тіке FAT-қа немесе тамыр каталогына бару керек.

Резидентті вирустармен жұғу алгоритмдері

Файлдарды іздегенде резидентті вирустар жұқпалы каталогтарды айналмайды. Олар жүйелік үзулерді жібермейді, ол аргументтерге файлдың аты кіреді (немесе басқа аргументтер бойынша анықтауға болады). Резидентті вирустар файлдарды ашқанда, жапқанда, атын өзгерткенде, іске қосқанда және т.б. жұқтыруы мүмкін. Теориялық түрде файлдарды жұқтыратын вирус істеуге болады, мысалы, файлдағы позицияны өзгерткенде, бірақ жұғу үшін мұндай функцияларды ұстау машинаның жұмысы төмендегенде білінетін еді. Файлдағы позицияны өзгерту типінде жүйелік функция резидентті «стелс»-вирустарды ғана ұстайды, ол басқа програмаларға вирус кодының үстіне бүлдіртпей жазылмас үшін істелінеді.

Жады көптеген рет жұқпалы болса, ол вирустың жұмысын тоқтатады. Шынында да, машинада бірнеше жұқпалы программаларда ашылған вирус бар делік. Резидентті вирустардың көшірмесі тез арада жадыны толтырады да, машинаның жұмысы төмендетеді немесе тоқтатып тастайды. Сондықтан резидентті вирус орнату уақытында қолда барын тексереді.

Бұндай тексерудің үш алгоритмі бар. Бірінші алгоритм – кейбір үзу кезіндегі жаңа «мен мұнда» функциясын ұстау, ол өзінің орындалуы кезінде вирусты шақырады. Екінші алгоритм - өзінің сигнатурларына компьютер жадысын көшіру - көбінесе вирустар қолданады, ол белгілі бір адрес бойынша резиденттік көшірмелерді жазады, мысалы, видеожадының нолі жоқ нөмірлер бетіне жазады. Ал үшінші алгоритм – резидентті вирустар Dos жадысындағы сөздердің өлшемін кішірейтеді, мысалы, 640-тың орнына 639К-ны қояды. Бұның орындалуы жадының жұқпалы екенін көрсетеді.

HLLP вирустраымен жұққан алгоритмдердің қаупі

HLLP (High Level Language, Prasitic) вирустары жоғарғы дәрежедегі тілде жазылған программаларды таныстырады. Осында олардың негізгі қаупі білінеді.

Бұл программалар EXE форматтағы файлдармен компиляцияланады. COM файлдарға қарағанда, программадағы домп коды жадыда болмайды. HLLP вирусы өзін жадыдан оқиды және кәдімгі түрде файлды жұқтырады, кіру нүктесін өзінің денесінде сақтайды, Exe тақырып атын модификациялайды, оны жасау өте қиынға түседі. Ол жоғарғы класификацияны және кодты генерациялайтын қолданылатын компиляторды жоғарғы деңгейде білу қажет. Бұл парадоксальды естілгенімен, кәдімгі түрде вируспен жұққан алгоритмді Паскаль мен Си-ға қарағанда, Ассемблерде жазған оңай. HLLP вирусының авторлары Ассемблерді білмейді және білгісі

де келмейді. Сондықтан олар өзінің басымдылығымен примитивті жұқпалы алгоритмдерді жасайды, негізінде олар деструктивті емес функцияларды көрсетеді. Оның себебі, жаңа файлды жұқтыртқан кезде типтік HLLP вирустары өздерін жадыда оқымайды, ол тек сол іске қосылған файлда оқылады.

Енді осы алгоритмдердің өзімен нені ұсынатынын және оларды қолданатын вирустардың неге теориялық түрде қауіпсіз болмауын қарастырайық.

HLLP вирустарында қоданылатын жұқпалы алгоритмдер. HLLP вирусы екі біртипті жұқпалы алгоритмдерін қолданады, олар бір-бірінен тек құрбан-файлының кодын түрлі жағдаймен көшірілуімен ғана ерекшеленеді.

Бірінші алгоритмде құрбан-файлының мазмұны түгелімен вирустың соңына жазылады. Екінші алгоритмде жұқпалы файлдың басынан вирустың көлеміндей фрагмент «кесіледі». Ол файлдың соңына жазылады, ал вирус өзін өзінің файл тасушысынан оқиды және босаған орынға жазады. Басқа сөзбен айтқанда, осы екі алгоритм құрбан-программадағы EXE тақырып атынның модификациялауын қарастырмайды, вирус денесінен CALL FAR, JMP FAR немесе RETF командаларына басқаруды да бермейді, жадыда келесі файлды жұқтыртқанда вирустың көшірмесін де есептемейді. Вирус жіберілген жерден вирустың көшірмесі жұқпалы файлдың басында есептелінеді. Орындалғаннан кейін алгоритмді жұқтыратын вирус кейбір орындалатын файлдарды жасайды да, онда жұққан программаның кодын көшіреді, одан соң өшіреді.

Осындай жұққан алгоритмдердің қандай деструктивті салдарға әкелетінін қарастырайық.

Орындалатын файлдардың жинақталуы мен ашылуы. HLLP вирусымен жұққан орындалатын файл, Dos-тың ойынша, «құйрығы» бар қысқа программаны береді, ол оверлей немесе басқа бір нәрсе болуы мүмкін. Сонымен қатар, заңды түрде вирус жинақталған болады. Орындалатын файлдардағы жинақтаушылардың бір бөлігі (PKlite, DIET6 WWPACK және т.б.), мұндай файлдарды байламайды,өйткені құйрығы бар файлды табады немесе жинақталған вирусты қыса аламайды. Бірақ осындай файлдарды жинақтайтын программалар бар.

Негізінде дұрыс істелінген HLLP вирустары (мысалы, HLLP.Yarik.7991) қосылғанда өзінің сигнатурын тексереді, таппаса, хабарлайды, файлды ашуын сұрайды және жұмыс істеуге қарсы болады. Бірақ бұл көбінесе көмектеспейді. Сол HLLP.Yarik.7991 осындай ашылудан кейін тазаланбайды.

Орындалатын бар файлдарды вирустармен алмастыру. HLLP вирусы, авторы деструктивті функцияларды программалау ойында болмағандықтан, тексергенде қауіпті болуы мүмкін. Керекті орындалатын файлдар немесе мәліметтер файлы атын дұрыс жазбағандықтан немесе кеңейтілуін дұрыс қоймағаннан осындай вирустармен жойылуы мүмкін.

15.3 Антивирустың әдісінің классификациясы

Антивирустық программалардың барлығы фагтарға, детекторларға, ревизорларға, вакциналарға және резидентті күзетшлерге бөлінеді.

Фаг – бұл программа өзіне белгілі сигнатур бойынша вирустарды анықтайды, яғни осы вирусқа байланысты кодтардың тармағында анықтайды. Вирусты анықтаған кезде, оны файлдан тазалайды немесе өшіреді. Егер вирус қайта орнына келген болса, оны «өлтірген» жөн.

Детектор вирустарды табады, бірақ фагқа қарағанда тазалай алмайды. Вирусты тапқанда фагты шақыратын детекторлар болады, оған тазалау үшін керекті мәліметтерді беріп тұрады.

Ревизор дискіде әрбір өзгертулерді қадағалау үшін қажет: іске қосылған аумақтың кодын өзгерту, дискті бөлуді өзгерту, файлдардың пайда болуы/өшірілуі/өзгертілуі және т.б. Жақсы жасалынған ревизорлар оперативті жадыдағы тексеру алгоритмдерінен тұрады, қосылған резидентті стелс-вирустардың жоқ болған жағдайда. Нақты вирустарды сигнатур бойынша анықтауға ревизор тағайындалмаған.

Программалық вакцина, вирустармен жұққан жүйеде, қолда барын немесе өңделген файлдарды тексеретін программаларды қорғауға арналған. Егер резидентті вакцина қолданбалы болса, қазіргі кезде файлдық ескіріп кеткен. Файлдарды вакциналаудың 1980 жылдары маңызы болды, ол кезде бірнеше вирустар жиындары болды, олар вирустарды сигнатур бойынша анықтаған жоқ, оның атрибуттары бойынша анықтады.

Резидентті күзетші – бұл программа жүйелік функцияларды қарауды байқайды, олар алгоритмдерге тән программаларды вирустармен жұқтыру және қолданушыдан оның орындалуын рұқсат сұраудан тұрады. Бірақ та бұл функциялар жай программалармен белсенді орындалады. Сондықтан барлық бар резидентті күзетшілерге бірдей кемшіліктер тән – көптеген өтірік урейленулер мен мазасыз хабардың жіберілуі. Оған қарамастан, резидентті күзетші өңай келісімге келеді немесе оперативті жадыдағы өңдеушілердің модификациялауымен немесе аппараттық ресурстарға тікелей көңіл бөледі.

15.4 Алгоритмдерді тазалау

Алгоритмдерді тазалауды бейнелеу

Алгоритмді тазалау негізінде жұғу алгоритіміне қарайды. Файлдың басына жазылатын COM-вирустары, HLLP вирустары мен сол алгоритмдармен жұқтыратын вирустар, HLLP сияқты кодтың орнын ауыстыруы арқылы тазаланады.

Спутник-вирустары EXE-ге қайта құрбан-файлынның атын өзгертумен тазаланады. Оның алдында вирустың денесіде кеңейтілуі саналуы мүмкін, оның астында құрбан-файлы сақталады, ал егер вирус шифрланса, онда оған кілт болу керек.

Программалық кодты көретін вирустар, қайтымсыз файлдар құртады. Бұндай файлдарды тек өшіру керек. Бір қателіктермен қалпына келген файлдан вирус қайта іске қосылмас үшін, оның басына INT 20h командасын жазған жөн.

Орындалатын файлдың сруктурасына негізделген вирустарға қарағанда , алгоритмдер қиынырақ тазалады. Файлдардан алгоритмдерді тазалау келесі қадамдарға келеді:

1) Егер вирус шифрланса, расшифровщиктен сигнатурды табу керек, кілтті есептеу, вирус денесінен шифрды ашу керек.
2) Вируста сигнатура бар екенін тексеру керек. Сигнатура табылмаса – шығу, қайта кодты есептеу.
3) Құрбан-программасының тақырып атының жолдарын вирус денесінен есептеу керек, тақырыптың атын қалпына келтіру.
4) Программадан вирустың кодын өшіру керек, программаның өзінің кодын қалпына келтіру керек.

Резидентті вирустарды файлдан тазалау мағынасыз, олар оперативті жадыда орналасса, файлдарды қайта-қайта жұқтыруы мүмкін. Егер вирус файлдарды жабу кезінде жұқтыртса, онда антивирусты іске қосудың еш көмегі болмайды. Оперативті жадыдан вирусты тазалау алгоритмінің келесі қадамдары бар:

1) «Мен мұнда» функциясын шақыру немесе жадыда вирустың сигнатурлары барын тексеру. Егер вирус жадыда табылмаса – шығу.
2) Вирус өңдеушіден үзулерді санау немесе нағыз өңдеушіден жүйелік өзгермелі адрестерді санау.
3) Өңдеуші үзулерін қалпына келтіру, вируспен орын алған жадыдағы аумақты босату.
4) Жадыда вирус кодын үстінен басу, мысалы, нольдермен. Өңдеуші вирустың басына өту командасын жазуға болады.

Үзулердің бірін ұстайтын резидентті вирустар болады, олар өңдеуші вирустардан үзу векторларының орын босатуынан қорғайды. Сондықтан, дәл осы векторлар, вирусты операциялық жүйеде тазалаған кезде, бірінші болып құтқарылуы керек. Осыған қарап, векторларды Dos 25h немесе 35h функцияларына жүктемей, тікелей векторлар кестесіне қарау керек.

Іске қосатын вирустардың тазалау алгоритмі келесі қадамдарға тән:

1) Жүйелік аумақты есептеу, вирус сигнатурының болуын тексеру. Таппаса – шығу.
2) Вируспен сақталған кодтарды MBR немесе BOOT-қа қайта жазу, ал егер вирус оларды ешқайда сақтамаса, антивирустағы стандартты кодты жазу керек.
3) Дискіде вирустың «құйрығының» үстін басу.

Вирустардың басқа вирустарда немесе маңызды программаларда жасырынуы.

Кез-келген компьютерлік вирусты табу есебі, оның жұққан программадағы сигнатурлардың барлығын көрсетеді. Алдында кодтың шифрын ашу қажет етіледі, полиморфты шифр ашушыны детектрлеу және шифрды ашу реттілігін генерациялайды, программа тақырыбының өзгеруінсіз вирусқа кіруі – кіру нүктесінен басқаруды анализ командасына беру.

Бірақ вирустардың авторлар, антивируспен берілген сигнатурларды және берілген А вирусында орналасуын біле тұра, Б вирусын жазуы мүмкін, ол да сол сигнатур бойынша басы/соңы/кіру нүктесі қосылу арқылы болады. Ескі полифаг түрі арқылы сыпайсыз файлдардың тазалығына әкеп соғады, А вирусын біле, Б вирусын білмейді.

Басқа да «алдамшылар» болуы мүмкін

Неге бұл болуы мүмкін? Бір себепті біз атағанбыз, заң бойынша сигнатура вирустың көшірмесі болмайды, және вирус табылған болып есептеледі. Жеткілікті ұзындықтағы сигнатура (8-16 байт) және оны дұрыс таңдауда, жұқпаған файлда жұмыс істеу ықтималдығы нольге ұмтылады. Жай сөзбен айтқанда, бұл жерде жұқпаған сигнатура файлы болмайды.

Бірақ та, осы айтылғанның бәрі жұқпаған файлдарға жатады. Ешкім вирус жазуға кедергі жасамайды, ол дәл сол ығысумен, сол сигнатураны қояды. Келесіде не болады? Антивирус оған белгілі сигнатура бойынша жұмыс істейді, ол кезде файл басқа вируспен жұқпалы болады, және оның басқа ұзындығы, байты сақтайтын ығысуы, мүмкін басқа алгроитмі болады. «Тазалау» қорытындысында вирустан программаның жұмыс істеу қабілеті тоқтайды.

«Технотышқанның» тағы бір амалы, стандартты тесттік файлдардың болуында, мысалы, EICAR. Осы сигнатурдан файлды өзінің вирусының басына қойса, мұндай эффект алуға болады: осы вирусты білмейтін полифаг жұқпалы программаларды «модификацияланған тесттік файл EICAR (Вирус емес)» немесе өзгертілмейтін тесттік файл ретінде табады.

Үшінші амалы – сапасыз антивирустар, вирустың сигнатурынан басқа, «біле тұра таза» файлдардың сигнатурынан тұрады. Мысалы, TBAV сигнатуры кіру нүктесінде бар болса, белгілі вирустардағы файлдарды мүлде тексермейді. Одан да «біле тұра таза файлдар» сигнатураны қолданбаған жөн, онсыз болмаса, онда олардың барын тексеру үшін барлық вирус сигнатурын тексергеннен кейін орындалу керек.

Бұндай вирустарға қалай қарсы тұруға болады. Авторларға мұндай вирустарға қарсы тұру белгілі:

- ұзын сигнатурларды қолдану, оларға орындалуға қажетті кесек кодтарын таңдау керек;
- біреуден көп сигнатура қолдану;
- стандартты тесттік файлдарға сигнатураны таңдау, оны қарсылас керексіз эффектерден қашу үшін, кодтың кесектерін модификациялауға болатындай ету;
- Антивирусты қоса, «тигізбейтін» сигнатурларды жүйеге қоспау; стандартты тесттік файлдарды жүйеде бейнелеу, егер олорынбасатын вирус болса, тазалау уақытында, оны өшіруіне әкеледі;
- Жаңа вирус пайда болу кезінде, сол өзгерісі мен байты бар, алдынғы белгілі антивирустардікіндей, алдын ала белгілі анитивирус жүйесіне қосу, одан да екі вирустың сигнатурларын өзгертіп немесе үлкейтіп тазалаған жөн;
- «Тигізбейтін» сигнатурларды ұстайтын антивирустар, біле тұра сапасыз деп санаймыз да, түгелімен қолданудан алып тастаймыз және жадыда ұстамаймыз.

Бақылау сұрақтары:

1. Программаны статистикалық тексеруден қалай қорғауға болады?
2. Программаны статистикалық тексерудің құралдарын ата.

3. Программаны динамикалық тексерудің құралдарын ата.
4. Зиянды программалардың классификациясының параметрін атаңыз.
5. Орындалатын файлдың структурасына негізделген алгоритмдерді вирустардан тазалау қандай қадамдардан тұрады.
6. Жұқпалы объектілерде классификацияланған зиянды программалардың түрлерін атаңыз.

Пайдаланылатын әдебиет: [4] – 207- 225 б., [4] – 225-244 б.

•

4 Негізгі және қосымша әдебиет тізімі

Негізгі әдебиеттер

1. Тұрым А.Ш., Мұстафина Б.М., Ақпарат қорғау және қауіпсіздендіру негіздері. – Алматы: Алматы энергетика және байланыс институты, 2002ж.
2. Романец Ю.В., Тимофеев П.А., Шаньгин В.Ф. Защита информации в компьютерных системах и сетях. –М.: РАДИО И СВЯЗЬ, 1999.
3. Алферов А.П., Зубов А.Ю., Кузьмин А.С., Черемушкин А.В. Основы криптографии: Учебное пособие. – М.: Гелиос АРВ, 2002. – 480 с.
4. Бурдаев О.В., Иванов М.А., Тетерин И.И. Ассемблер в задачах защиты информации. Под ред. Ю.В.Жукова. – М.: КУДИЦ-ОБРАЗ, 2002. – 320 с.
5. Венбо Мао. Современная криптография: теория и практика. – М.: Издательский дом “Вильямс”, 2005.- 768 с.
6. Анин Б.Ю. Защита компьютерной информации. – СПб.: БХВ – Санкт-Петербург, 2000. – 384 с.
7. Зегжда Д. П., Ивашко А. М. Основы безопасности информационных систем.– М.: Горячая линия – Телеком, 2000.– 452 с.
8. Брюс Шнайер. Прикладная криптография. . –М.: «Солон-Р», 2000.
9. Бабаш А.В., Шанкин Г.П. Криптография. –М.: «Солон-Р», 2002.
10. Ростовцев А.Г., Маховенко Е.Б. Теоретическая криптография. –С.-П.:

Қосымша әдебиеттер

1. Гундарь К.Ю., Гундарь А.Ю., Янишевский Д.А. Защита информации в компьютерных системах. – К.: “Корнейчук”, 2000. – 152 с.
2. Столлингс В. Криптография и защита сетей: принципы и практика. Пер с англ. – М.: Издательский дом “Вильямс”, 2001. – 672 с.
3. Иванов М.А. Криптографические методы защиты информации в компьютерных системах и сетях. –М.: КУДИЦ-ОБРАЗ, 2001.
4. Н. Фергюсон, Б.Шнайдер. Практическая криптография. – М.: Издательский дом “Вильямс”, 2005.- 424 с.
5. Список дополнительной литературы
6. Зегжда Д. П., Ивашко А. М. Основы безопасности информационных систем.– М.: Горячая линия – Телеком, 2000.– 452 с.
7. Грушо А. А., Тимонина Е. Е. Теоретические основы защиты информации.– М.: Издательств агентства “Яхтсмен”, 1996.– 71 с.

8. Хорев А. А. Защита информации от утечки по техническим каналам. Часть 1. Технические каналы утечки информации. Учебное пособие.– М.: Гостехкомиссия России, 1998.– 320 с.
9. Уолкер Б. Дж., Блейк Я.Ф. Безопасность ЭВМ и организация их защиты: Пер. с англ.– М.: Связь, 1980.– 112 с.
10. Ященко В.В. Введение в криптографию. Новые математические дисциплины. –М.: МЦНМО Питер, 2001.
11. Касперский К. Фундаментальные основы хакерства (искусство дизассемблирования). –М.: Солон-Р, 2002.
12. Расторгуев С.П. Программные методы защиты информации в компьютерах и сетях.-М.:"Яхтсмен",1993. с. 187.